

Қазіргі дінтанудағы жаңа діни ағымдарды анықтау мәселесі

Қазіргі ғылымда жаңа діни ағымдарды зерттеуде объективті және әділ бағытты ұстану мақсатында «секта», «тоталитарлық секта», «культ», «деструктивтік культ» терминдерін эмоциональды ауыр және жағымсыз діни көзқарасты қалыптастырады деп қолданбауға тырысады. XX ғасырдың соңында бұл терминдерді ауыстыратын «альтернативтік діндер», «маргинальдық діни топтар» т.б. терминдер ұсынылған болатын, солардың ішінде жаңа діни ағымдар (ЖДА) терминінің кең тарауы ағылшын социологы, профессор Айлин Баркердің еңбегінің нәтижесі болды [1].

«Жаңа» сөзінің мағанасы нақтылы зерттеушіге және зерттелетін елге байланысты өзгеріп отырады. Мысалы Жапон елінде ЖДА көбінесе XIX ғасырдың соңында пайда болған топтарды атайды. Айлин Баркер «жаңа» деп Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған және нақтылы дәстүрлі мәдениеттерге қатысты қозғалыстарды айтады. Басқа терминдерге қарағанда ЖДА өзгешелігі, бұнда фактылық аспект емес, хронологиялық аспект негізгі орын алады. Жалпы алғанда «жаңа діни ағымдарға» жеке алынған қоғамда дәстүрлі деп мойындалмаған (немесе әлі мойындала қоймаған) кез келген діни топ жатады. Осыған сай ЖДА тізімі зерттеушілердің уақытша қабылдаған өлшемдері мен нақтылы қоғамның ЖДА қатынасына байланысты өзгеріп отырады. Мысалы индуистік бағыттағы діни ағымдар Батыс елдері үшін «жаңа» болса, кейбір Батыстығы деноминация ретінде тіркелген протестанттық діни ағымдар Азия елдері үшін «жаңа» ағым ретінде қабылданады.

Профессор Массимо Интровиньенің ойынша «ғалымдар «секта» және «культ» деген кемсітетін сөздерді қолданбау үшін бұл терминдерді қуана қабылдап, оларды қолдана бастаған. Біреулер бұл топқа тек XX ғасырда пайда болған ағымдарды кіргізсе, біреулер XIX ғасырдан бастап қосады. Біреулер тек хронологиялық өлшемдерді алса, біреулер доктринальдық парадигмаларды жоғары қойды. Осыған орай өте күрделі шешілетін мәселелер туындады. ... Кейбір діни ағымдар «жаңа діни ағымдар» немесе «жаңа діндер» - бар болғаны «секта» және «культ» сөздерінің синонимі, олар «құрметті» діндерге қатысты біздің өзгешелігімізді белгілейді деген наразылық білдірді. XXI ғасырдың басында Франция, Ресей, Қытай өкіметінің культтерге қарсы жүргізген акцияларына наразылықтың барысында ғылымда «жаңа діни ағымдар» немесе «жаңа діндер» терминдерінен де бас тартып, діни және рухани топ «отбасылары» туралы айту ұсынылды [2].

Тоталитарлық секта бұл қоғамның рухани өміріне кері әсер ететін, азаматтардың денсаулығы мен өміріне қауіпті әртүрлі заңға қарсы әрекет жасайтын діни, қоғамдық, коммерциялық ұйым формасында, білім беретін немесе сауықтыру орталығы ретінде тіркелетін ұйым. [3].

«Тоталитарлық секта» термині криминалогияда [4], социологияда [5], психологияда [6] кездеседі. Орыс тілінде «тоталитарлық секта» православтық сектанттануда 1990 жылдары пайда болды. Бұл ұғымның авторы тарихшы, діндар А.Л. Дворкин деп есептеледі [7]. Осы уақыттан бері дінтануда, сектанттыққа қарсы басылымдарда және жаңа діни ағымдарды әртүрлі бағыттағы қозғалыстар мен ұйымдарды топтамалауда қолданады.

«Культ», «секта», «деструктивтік культ», «тоталитарлық секта» Л. В. Куликовтың «Психогигиена личности» (2004), В. Д. Менделевичтің «Психология девиантного поведения» (1998), «Наркозависимость и коморбидные расстройства поведения» (2001). Е. Н. Волковтың көптеген еңбектерінде қолданылады. Санкт-Петербург мемлекеттік университетінде психология ғылымдарының докторы А. А. Крыловтың басшылығымен шыққан «Психология» оқу құралында аталған терминдердің қолданыста екендігін де атап айтуға болады.

Соңғы кезде философия ғылымдарының докторы И. Я. Кантеров «тоталитарлық секта» ұғымының нақты белгілері мен ерекшеліктерінің ашылып көрсетілмегендігінен бұл ұйымға кез-келген жаңа діни құрылымдарды, діни-философиялық ілімдерді, мәдени-білім беретін немесе сауықтыру орталықтарын жатқызуға болады деген тұжырым айтып, бұл терминдердің заңдастырылуын ұсынды. [8]

«Жаңа діни ағымдар» терминінің мағанасы нақтылы зерттеушіге және зерттелетін елге байланысты өзгеріп отырады. Мысалы Жапон елінде ЖДА көбінесе ХІХ ғасырдың соңында пайда болған топтарды атайды. Айлин Баркер «жаңа» деп Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған және нақтылы дәстүрлі мәдениеттерге қатысты қозғалыстарды айтады. Басқа терминдерге қарағанда ЖДА өзгешелігі, бұнда фактылық аспект емес, хронологиялық аспект негізгі орын алады. Жалпы алғанда «жаңа діни ағымдарға» жеке алынған қоғамда дәстүрлі деп мойындалмаған (немесе әлі мойындала қоймаған) кез келген діни топ жатады. Осыған сай ЖДА тізімі зерттеушілердің уақытша қабылдаған өлшемдері мен нақтылы қоғамның ЖДА қатынасына байланысты өзгеріп отырады. Мысалы индуистік бағыттағы діни ағымдар Батыс елдері үшін «жаңа» болса, кейбір Батыстығы деноминация ретінде тіркелген протестанттық діни ағымдар Азия елдері үшін «жаңа» ағым ретінде қабылданады.

XX-XXІ ғасырлардағы ЖДА тарихын универсальдық, синкреттік ағымдар мысалында қарастыруға болады. Олардың жалпы саны туралы нақты мәлімет алу өте қиын, себебі кейбір ұйымдар пайда болып, көп ұзамай жұмысын тоқтатады, немесе жасырын іс-әрекетке көшеді.

1960-шы жылдары АҚШ, кейіннен Батыс Европа елдерінде жаңа діни ұйымдар мен топтар пайда болып дами бастағанда ЖДА-ға қатысты қоғамда да ғалымдар арасында да әртүрлі көзқарас болды. Бұны ЖДА пайда болуы мен таралуында кездескен сектанттық тенденциялардың болуымен түсіндіруге болады. Бірақ соңғы жиырма жылда оларға деген қарым қатынас біраз жақсарды. Олардың көбі әлеуметтік адаптациядан өтіп, қазіргі

қоғамдық өмірде орындарын тауып, дәстүрлі діндердің «назарынан тыс қалған» рухани «тетіктерді» толтырып жатыр десе болады.

Формалды түрде нашар біріккен, «дәстүрлі діннен» өзге ілімге сенетін діни топтардың барлығы анықталды. Олардың ілімдері синкреттікпен ерекшеленіп, әр діни және философиялық жүйелердің элементтерін эклектикалық түрде біріктірді, бұл ерекшелік оларды «постмодернистік» деп атауға негіз берді.

Жаңа діни ағымдар (ЖДА) немесе дәстүрден тыс діни қозғалыстар бұл дін немесе шіркеу, деноминация ретінде қоғамда орын алмаған, діни топтар. ЖДА термині академиялық және нейтральды ұғым болып есептеледі. Бұл ұғым «секта және «культ» терминдерін алмастыру үшін ғылыми қолданысқа енгізілді.

Қазақстанда ЖДА шетел миссионерлерінің қызметінің нәтижесінде таралды, тек бірлі екілі ағым ғана жергілікті халықтардың дәстүрлері мен діни дүниетанымының негізінде пайда болып, жаңа сипат алған. Жалпы қарастырсақ бұл ЖДА-ға батыстық және ресейлік ғалымдардың берген анықтамалары мен топтамалары бар. Осы ғалымдардың қорытындыларының негізінде нақтылы діни ұйымдар мен ағымдарға байланысты қоғамда біріне жағымды болса, біріне жағымсыз көзқарас қалыптасып, дискриминация мен қудалау көрініс алуы мүмкін. Сондықтан да дінтану мен дін социологиясында діндерге анықтама беріп, топтама жасау өте жауапты және күрделі мәселе. ЖДА-ға тән ерекшеліктердің бірі олардың ілімдерінде дәстүрлі діни дүниетанымға қайшы жақтары көп кездеседі, ал оны таратуда миссионерлік қызметтері де әр түрлі, көбінесе көшбасшыларының «харизмалық» деңгейіне байланысты болады.

Осыған орайда неміс ғалымы И. Вахтың «Дінді салыстырмалы зерттеу» атты еңбегіндегі социологиялық дінтанушылық зерттеулердің әдістемелік аспектілеріне көңіл бөлсек. И. Вахтың ойынша дін социологиясы дін мен қоғамның өзара әсерін жүйелеп және салыстырмалы тұрғыда зерттеу арқылы діни тәжірибенің әртүрлі формаларының көрінісін анықтау мақсатын қояды. Дін - бұл тәжірибе және оның ілім, культ, ұйым ретіндегі ойдағы мен іс-ірекеттегі көрінісі болып табылады. И. Вах дін социологиясының зерттеу кеңістігі: мифтің, доктринаның, догманың, культтің және діни бірлестіктер формаларының әлеуметтік негіздері деп көрсетеді. Ол мына сұрақтарға жауап табуы керек: діни тәжірибенің әртүрлі көрінісі қандай деңгейде әлеуметтік детерминді? Әлеуметтік күштердің әртүрлі діни өмір формаларына әсері қандай? Әлеуметтік стратификация мен дифференциация діни өмірден қаншалықты көрінеді? Діни қозғалыстардың пайда болуы мен әлеуметтік контексті қандай? Сонымен қоса діннің әлеуметтік топтың бірлігіне, тарихи даму динамикасына әсер ету деңгейі анықталуы міндет.

ЖДА-ды анықтауда аталған талаптарды және Қазақстан Республикасының азаматтарының мүддесі мен ұлттық қауіпсіздікті

сактаудың талаптарын ескеру ғалымдарға үлкен жауапкершілік жүктеумен қоса, объективті тұжырымдар жасауға мүмкіндік туады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Баркер А. Новые Религиозные Движения. – СПб.: РХГИ, 1997. – 263с.
2. Тонконогов А.В. Профилактика деятельности религиозных, псевдорелигиозных, светских сект в уголовно-исполнительной системе. Методическое пособие. М., НИИ УИС Минюста России, 2003.
3. Энциклопедия религий (статья «Тоталитарные секты и культы»). - М.: Академический Проект, 2008. - 152 с.
4. Долгова А. И., Чуганов Е. Г., Белоцерковский С. Д. Экстремизм и другие криминальные явления. — Российская криминологическая ассоциация, 2008. - 127с.
5. Тоталитарные секты и демократическое государство: материалы международной конференции Новосибирск, Россия 9-11 ноября 2004 г.
6. Крысько В. Г. Словарь-справочник по социальной психологии. — СПб.: Питер, 2003. 415 с.
7. Дворкин А. Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования. Нижний Новгород: Издательство «Христианская библиотека», 2006. 51 с.
8. Кантеров И.Я. Новые религиозные движения в России : (религиоведческий анализ) Московский гос. ун-т им. М. В. Ломоносова, Москва, 2006. 467 с.

Жаңа діни ағымдардың пайда болу және таралу ерекшеліктері

Жаңа діни ағымдардың саны ХХІ-ғасырда алдыңғы ғасырларға қарағанда көбеймесе, кеміген жоқ. Жаңа діни ағымдардың пайда болу мәселесін (бір діннен бөлініп шыққан секта ретінде ғана қабылдамай) дінтану, әлеуметтану және психология салаларында зерттеуді қайта қарау қазіргі заман талабы десе болады. «Қазіргі сектатануда негізінен радикалды инновация нәтижесінде пайда болған, яғни, өздерін қоршаған діни ортадан фундаментальды бөлінген – культтерге ерекше көңіл бөлінеді» [1].

Жаңа діни ағымдардың пайда болуы діндегі «сектанттық тенденцияның» яғни, біраз уақытқа созылатын даму процесінің нәтижесі болып табылады. Осылайша діни ағымның формальды түрде құрылуы, оның ресми құжат (сол ағымның ешқандай басқа дінге кірмейтіндігін куәландырады) қабылдауымен басталады.

Көбінесе дәстүрлі діндердің басқару органдары өз аймақтарында пайда болған топтардың қызметтері жайлы біліп отырады, бірақ оларды анафемаға беріп, (бұл жерде христиан дініне байланысты айтылып отыр) діннен алыстатуға асықпайды. Керісінше олармен тіл табысуға тырысады. Мұндай

саясат көбінесе сәтті аяқталып, дәстүрлі діндер қоғамдық қақтығыстардың алдын алады. Жаңа діни ағымдардың пайда болу нәтижесіне қарап, олардың көбінесе дәстүрлі діндерден емес, діни ұйымдардың басқа түрінен: деноминациялардан, культтерден және басқа секталардан бөлініп шыққанын көреміз.

Кез келген діни ұйымдарда сектанттық тенденциялардың пайда болуының онтологиялық негізі оларға іштей тән, олардың өздерін қоршаған қоғамның өзгеру жағдайына қарай ыңғайлану қажеттігі туып отырды. Еврей философы, діндер тарихын зерттеуші Гершом Шолемнің айтуынша «кез келген қасиетті сөз жазбаша тіркелген сәттен бастап, діни дәстүр үшін үлкен мәселеге айналады, себебі тарихи өзгерістер діни канонның өмірдің жаңа жағдайына қолайлылығы туралы сұрақ қояды» [2].

Діни қауымдастықтың мүшелері өз ілімдерінің қоршаған ортаға сәйкестігін немесе өзектілігін көруден қалады, яғни діни ілім олардың ойындағы талаптарға сай жауап бермейді, осылайша жаңа «белсенді» діни толғаныс пен түсініктердің ізденісі басталады. Алғашында олар бұл формаларды өз діни топтарының ілімдерінің және практикаларының шеңберінде табуға тырысады. Егер іздегендері табылмаса, онда олар дәстүрді өзгертудің инициативасын өз қолдарына алып, жаңа сектанттық тенденцияның даму процесін бастайды.

Дәстүрлерді зерттеуші белгілі ғалым Эдвард Шилстың айтуынша «бар діни канонды түсіндіру оның іштей жаңаруы болып есептеледі, бұл дәстүрдің арнайы түрде емес, өзіндік жаңаруы. Оның негізгі функциясы қандай жағдай болса да дәстүрді сақтап қалу болып табылады» [3].

Діни дәстүрлердің мәтінін талдау және түсіндіру сол діни дәстүр өкілдері арқылы жүргізіліп отырса, бұл сол діни дәстүрді өзгертуге тырысқан сыртқы және ішкі талпыныстардың кез-келген түріне қарсы тұра алатын күш болады. Бірақ, дәстүрдің бұлай жаңарып отыруы өте баяу процесс, қанша айтқанмен де қоғамдағы өзгерістер дәстүрлер мен канондарға жаңаша түсінік беруді қажет етеді. Осылайша, әлемдегі барлық діни ұйымдардың өзінде сектанттық тенденциялардың пайда болу және даму патенциалы пайда болады. Бұл патенциалдың жүзеге асуы әр түрлі жағдайлық факторларға (мысалы, ұйымдағы харизматикалық көшбасшының болуы, діни ұйым мүшелерінің бірауыздылығына, тағы да басқа белгілерге) байланысты. Бұл әсіресе өз ішінде сектанттық тенденциялар көп туындайтын, нәтижесінде кезекті бөлініске ұшырайтын жаңа діни ағымдарға тікелей байланысты.

Діндердегі іштей жаңару процесі бастапқыда саналы түрде сыртқы әсерге қарсы діни дәстүрдің өзінде болуы мүмкін немесе спонтанды пайда болады. Діни ұйымдардың өзінің ішінде діни ілімдердегі кейбір мәселеге

байланысты»шынайы» түсінікті «жалған» түсініктен айыратын өлшемдерін жаңартуға талпыныстарды көруге болады. Бұған католик шіркеуінің кардиналы Джон Генри Ньюманның «Шіркеудегі идеяның дамуының жеті шынайы белгісі», Халықаралық Кришна Санасы қоғамының негізін салушы Бхактиведанта Свами Прабхупаданың Бхагавад-Гитаға берген түсініктері мысал бола алады. Есімдері аталған діндарлардың әр қайсы да қалыптасқан көне діни дәстүрлерді сақтай отырып, заман талабына сай өздерінше жаңартулар кіргізді.

Кейбір діни ұйымдар, мысалы, мармондар, өз ілімдерін дамыту барысында ерекше тәсіл қолданады. Олардың ілімі әлемдегі және қоғамдағы өзекті мәселелеге үндесіп отырады. Мармондар өздерінің діни ілімдері мен діни ұйым тарихын, қасиетті кітаптары мен тарихи құжаттарын, ескі кітаптарды, мақалаларды, ұйым басшыларының күнделіктерін жүйелі түрде жаңартып, «тазалап» отырады. Қайта басылымда текстен барлық «керексіз» жерлері алынып, олардың орны заман талабына жауап беретін ұйымның рухына сай ілім алмастырады [4].

Сектанттық тенденцияның пайда болуының тағы бір көзі – бұл кейбір адамдардың күтпеген жерден өздеріне Құдайдың аян беріп, жаңа хабар алғандарына сенімдері. Олар бастапқыда өз ілімдерін өз діндерінің шеңберінде түсіндіруге талпынады. Егер бұл діни ұйымның өз мүшелерінің осындай аян көрулеріне байланысты сауатты және шұғыл реакциясы болмаса, онда аян көрушілер өз ілімдерінің концепциясын жасауды ұсынады. Жоғарыда айтылған кейбір діни мәселеге байланысты «шынайы» түсінікті «жалған» түсініктен айыратын өлшемдерді жаңартатын талпыныстарды бұл жерде басқа қырынан көруге болады. Мәселе ендігі жерде шынайы және жалған пайғамбар және пайғамбарлық туралы қойылады.

Мормондар тарихына жүгінсек, Смиттің бұл аян-көрінісіне 1820 жылдың көктемінде басталған Пальмирадағы (Нью-Йорк) діни жандану негіз болды. Смиттің айтуынша, оған берілген аяндарда «бағыттардың барлығы дұрыс емес, бұрыс, сондықтан олардың ешқайсысына қосылудың қажеті жоқ, олардың ұстаздары тура жолдан тайғандар» деген сарындағы жауап алады. Қолайлы жағдайдың туындауы мен бірнеше пікірлес серіктерінің көмегімен Джозеф Смит өзінің жеке шіркеуінің негізін салады.

Жаңа Апостолдық шіркеуінің тарихы 19 ғасырдың 30-шы жылдарында Англияда пайда болған «католиктік-апостолдық» деп аталған Римдік католиктік шіркеуі ішіндегі қозғалыстардан бастау алады. Ұзаққа созылған талас-тартыстардан кейін Жаңа апостол шіркеуі 1867 жылы толық қалыптасып болды. Бірін-бірі алмастырған «алғашқы апостолдардың»

ұйымдасқан әрекетінің нәтижесінде шіркеу бүгінгі күнге жетіп қана қоймай, кең қанат жайып әлемнің 180 еліне таралды.

Діндердегі бар дәстүрлі канондарды жаңаша түсіндіруді және ондағы хабарлардың жаңадан қайта аян болуын қадағалаудың деңгейі дінді сақтап қалуды және пайда болған секталардың санын қадағалаудың негізгі факторы болып табылады. Сондықтан кез-келген діни ұйым өзіндегі «прогрессивтік» тенденцияларды аздап болса да қолдап, оларды ақылмен бақылап, жаңа ағымдардың пайда болуына жеткізбейді.

Сектатану тарихында діни ұйымдардың басшылары жаңадан аян көргендерге тиым салмай, өз ішінде бақылауға шамасы келмеген кезеңдерде, аз уақыт аралығында жүзден астам сектаның пайда болғанына мысалдар бар. Вьетнамдық каодаиз дінінің дамыған діни ілімі спиритистік практика және діни ғибадаттан тұрады. Спиритистік сеанстар кезінде «жоғарыдан» келген бұйрық бойынша, үздіксіз жаңа «каодай» топтары пайда болып, «рухтардың еркіне» қарсы тұратын механизмнің болмауының себебінен шексіз ұсақ секталар мен ағымдарға бөлініп кеткен.

XX ғасырдың 80-жылдарының орта шенінен кейін бүкіл Қытайдың әр жерінде, әсіресе қалаларында «адамның ерекше қабілетін ашуды» ұран еткен, цигунмен шұғылдану өрлеу алған болатын. Бұл толқын «адам денесі туралы ғылым» дегенді желеу етіп, цигунды тылсымдандырып, сиқырға айналдырды. Бір мезгілде цигун пірлері кезек-кезек шығып, өздерін цигун арқылы адам денесінің ерекше функцияларын ашатындықтарын, жел соқтырып, жаңбыр жаудыратын, бәрін алдын-ала біліп алатын қасиеттер дарытатынындарын жариялап, адамдарды алдап, цигун үйрету сылтауымен қауымдар топтастырған. Бұл секталарға азғырылып, алдауға түсіп жатқандар негізінен қоғамдық өзгеріс кезеңінде қорғансыз қалып, тұрмыс жағдайы мүшкілдеп және рухани тозып, үміт ұшқынын мистикадан немесе тығырықтан шығуды өздеріндегі ерекше қабілеттің ашылуынан таппақ болған адамдар болды. Осы кезеңде Қытайда цигунға байланысты пайда болған қауымдардың нақты санын ешкім дұрыс көрсетіп бере алмаған. «Фалунгун» дәл осындай цигун арқылы денсаулықты мығымдау толқыны кезінде өрбіп шыққан аяңды секта [5].

Елуіншілер өз шіркеулерінің пайда болуын Құдайдың күдіретімен ақиқаттың адам бойында оянуымен түсіндіреді. Алайда, елуіншілердің қозғалысын ғалымдар XVIII ғасырда Америкада болған дінді қайта жаңғырту қозғалысымен байланыстырады. Бұл қозғалыс протестанттық әдебиетте ұлы ояну деген атқа ие болды.

XVIII ғасырда Америкада ревивализм ықпалымен көптеген кезбе уағызшылдар көптеп пайда бола бастайды. Олар үстемдік етуші англикандық

және пресветериандық шіркеулердің священниктерінің билігін мойындамайды. Приходтарды аралап жүріп, олар «дінге деген жаңа эмоционалдық қатынасты» уағыздайды, сөйтіп діндарлардың дәстүрлі шіркеуге деген күдік туғызып, сенімдерін әлсіретті. Көптеген діндарлар ескі қауымдарынан шығып, жаңа ағымдарға ілеседі.

Бұған қарама-қарсы мысалдар да бар. Діни ұйымдар өз ішінде жаңа қауымдастықтың пайда болуының алдын алып, қатал бақылау жасап отыратындары да бар. Мысалы «Небесные Врата» діни уфологиялық культте осы мәселеге байланысты доктриналары бойынша кез-келген жоғарыдан берілетін аянды топтың көшбасшылары Бо мен Пи арқылы ғана алу мүмкін.

Ал жоғарыда айтылған Фалуныгун ағымының негізін салушы Ли Хунджи ұйым құрыла салысымен өзі таратқан ілімді өзгертуге, басқаша түсінік беруге, бағала беруге, қандай да бір қосымшалар кіргізуге, басқа діни ілімдермен ауыстыруға немесе араластыруға қатал тыйым салған.

Барлық діни ұйымдарда дінді жаңартуға тырысатын «либеральдық» ағымдармен қоса діннің көнеден келе жатқан дәстүрлерін сақтап, өркендетуге ұмтылатын «консервативтік» бағыттағылар болады. Бұл жағдайда сектанттық тенденциялардың пайда болып, жаңа қауымдастықтың құрылуының себебі діни топ мүшелерінің өз діни дәстүрлерінің ерекше элементтерінің ескіріп, заман өзгерісімен жоғалатындығын мойындамауы болып табылады. Таза сенімді ұстанушы инициативтік топ өздерінің діни ілімі мен практикасының «дұрыс» мазмұнын сақтап, көне дәстүрге нақты сай келетіндей қайта құрулар жүргізеді. Бірақ тарихтан белгілі діндерді өзгерістен қорғауға және оның ежелгі формаларын қайта өркендетуге тырысу ол діннің көне, жоғалып кеткен дәстүрі ретінде қабыладатын түрі өзгерген дінді, басқаша айтсақ діннің кезекті жаңару болып табылады.

Шилстың айтуынша діни дәстүрлерді олардың ізбасарлары қанша өзгерпеуге тырысса да олардың кез-келген әрекеттерінен әрқашан өзгеріп отырады. Діни ілімнің бұрында болған дәстүрін «еске алып», қайта жаңғырту оны бастапқы формасына әкелмейді, керісінше жаңа дәстүрдің пайда болуын тудырады. Осылайша, консерваторлар мен сенімді қорғаушылар байқамастан өздері қарсы күресетін процестердің орындаушылары болып шыға келеді. Өз сенімдеріне олар қаншалықты өзгеріс кіргізбеуге күш салса, соғұрлым оны өзгеріске ұшыратады. Діни ұйымдардың жоғары басшылары өздерінің консервативтік ағымдарымен тіл табысып немесе оларға бақылау жасап отырулары керек. Басқаша жағдайда сектанттық тенденциялардың күшейіп, дамуы мүмкін де, нәтижесінде жаңа секта пайда болады.

Діни ағымдардың пайда болуы өз ішінде бөлінуінің себептерінен де болады. Ең бастапқы себептердің бірі билікке талас екендігін атап өткен

дұрыс. Бұл кезде билікке таласушылар жаңа діни топ құруды көздемейді, тек билікке қол жеткізуді ойлайды. Жаңа діни ағымдардың бұлай пайда болуының өз ерекшелігі бар: діни ілім мен практикадағы өзгеріс билікті алу үшін, жай формальды түрде болады. Бұнда діни ілімге өзгеріс кірдіме жоқ па, қақтығыстағы топтардың ілімінде өзгеріс жасалды ма жоқ па міндетті емес. Бұнда тек қақтығыстағы бір топтың іліміндегі қателіктер мен кемшіліктер туралы декларациялары мен осы кінәны тағушы топтың соған деген сенімдерінің үлкен мәні бар. Себебі өз ілімдерінің ақиқаттығына деген сенім сол ілімді бұрмалап отырған діни ұйымның басшысына қысым жасауға немесе оны ауыстыруға аргумент болады. Осылайша әр топ өз басшысымен бір діни ұйымнан формальды түрде бөлініп шығады. Кейіннен формальды бөлінгеннен соң онда діни ілім шынымен де өзгеруі мүмкін, бірақ ол қақтығыстың көзі емес, оның логикалық нәтижесі болып табылады. Жасалған өзгеріс бөлініп шыққан ағымның бағытының дұрыстығына, оның ерекшелігіне сенімді күшейтетін функцияны орындайды. Сонымен қоса билікке таласу арқылы бөлініп шыққан ағымдарда діни ілім қатты өзгермейді. Оған мысал ретінде Дианетика мен Саентологиядан бөлініп шыққан «Еркін аймақ» және Кришна Санасы қоғамынан бөлініп шыққан ритвиктерді атап айтуға болады. «Қазақстандағы Кришна Санасы қоғамының өз ішінде президент болу үшін билікке таласқан келеңсіз оқиғалар бастапқы кезде бірнеше рет қайталанды. Соның салдарынан кейбір қоғам мүшелері өзінің сөзін сөйлеуші жақтастарын ертіп, жеке бөлініп кетті де, нәтижесінде Кришнаға табынушы «Веда мәдениетінің халықаралық қоғамы» мен «Вайшнавтар» қоғамы пайда болды» [6].

XX-XXI ғасырлардағы ЖДА тарихын универсальдық, синкреттік ағымдар мысалында қарастыруға болады. Олардың жалпы саны туралы нақты мәлімет алу өте қиын, себебі кейбір ұйымдар пайда болып, көп ұзамай жұмысын тоқтатады, немесе жасырын іс-әрекетке көшеді. Әйтсе де зерттеушілер кейбір ЖДА туралы мәліметтер береді. [7].

Сектанттықтың дамуының тарихи фактыларын сараптай келе бұл тек бір елге немесе әлеуметтік топқа ғана тән локальды құбылыс емес деген қорытындыға келуге болады. Әлемдік социумда сектанттық феноменінің дамуы көп жағдайларда жеке мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне шынайы қауіп туғызып қана қоймай, бүкіл әлемдік тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Сектанттықтың әлеуметтік қауіпті формасының алдын алудың әлеуметтік, құқықтық эффективті жолдары мен методтарын жасау керек. Ол үшін қазіргі экономика мен саясаттағы жаһандану процесі кезеңінде діни, псевдодіни, ағымдардың пайда болуы мен белсенді дамуының негізгі себептерін зерттеу қажет. Сектанттық қоғамдық өмірдің барлық салалары мен тұрғындардың

барлық категорияларына әсер етеді. ЖДА әлеуметтік зиянды іс-әрекеттерінің алдын алу үшін құқық қорғау органдарының, әртүрлі мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің ресурстарын жұмылдырғанда ғана мүмкін болады.

1 Мартинович В.А. Возникновение сект. // Этносоциальные и конфессиональные процессы в современном обществе: материалы междунар. Науч. Конф., Гродно, 8-9 декабря 2006г. – Гродно.: ГРГУ им.Я.Купалы, 2007. – С. 237-242.

2 Scholem G. Revelation and Tradition as Religious Categories in Judaism // The Messianic Idea in Judaism and other Essays on Jewish Spirituality. – New York.: Schocken Books, 1974. – P. 288-289.

3 Shils E. Tradition. – Chicago: University of Chicago Press, 1981. – P. 95-96.

4 Дворкин А. Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования. Нижний Новгород: Издательство «Христианская библиотека», 2006.

5 Сектовед. Ру. «Фалунгун» <http://sektoved.ru/encyclopedia>.

6 Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер. – Алматы: Әрекет Принт, – 2009. – 275 б.

7 Монтгомери Дж. Рассвет. 7 миллионов церквей в 2000 г. – М., 1993. – 196 с.

Жаңа діни ағымдардың топтамалары (классификациясы)

Дінтану саласында ортақ құпталған жаңа діни ағымдардың топтамасы жоқ. Бұл олардың ілімдерінің мәндік белгілерін анықтаудың, олардың қызметіне баға берудің күрделілігімен байланысты болып отыр.

Діни ұйымның пайда болуы бұл құрылымның бір нысанға ұзақ айналу процесінің нәтижесі және бұдан бұрынғы діни қозғалыстардың салдары болып табылады. Дін социологиясында діни қозғалыс жаңа қоғамдық тәртіпті орнатуды мақсат еткен топтық қызмет ретінде қарастырылатын әлеуметтік қозғалыстың бір түрі болып анықталады. Әлеуметтік қозғалыс адамдардың өздерінің тілектері мен сұраныстарын іске асыра алмай, қоғамдық өмірге қанағаттанбай, алаңдаушылық сезімдерінен бастау алады. Дәстүрлі діни сенімнің рөлі әлсіреп, рухани тоқырау басталған кезеңде адамдар өз наразылықтарын эмоциямен, ұйымдаспаған түрде көрсетеді. Социологтар К.Даусон мен У. Геттистің берген топтамасы бойынша бұл әлеуметтік қозғалыстың төрт кезеңінің біріншісі болып табылады. [1]. Әр кезеңнің ерекшелігіне сай көшбасшы болады.

Бірінші кезеңнің көшбасшысы - үгіттеуші. Оның міндеті дәстүрлі көзқарастар мен сенімдерді жою, халықтың ашуын қоздырып, ұйымдасқан қозғалысқа қажетті жағдайға түрткі болу.

Екінші кезеңді әлеуметтік толқын ретінде анықтауға болады. Бұл кезеңде жаңа діни көзқарастар жүйесі пайда болады. Бұл сенімді қабылдаушылардың ойынша жаңа діндер әлеуметтік тәртіп орнатады, олардың өмірлерінің мәні

ашылып, жеке бастарының жағдайы шешіледі. Халықтың эмоциональдық және әлеуметтік қобалжуы күшейеді. Діни көшбасшылар пайғамбарлық, көріпкелдік қасиеттерін жариялауымен мінезделеді. Бірақ, әлеуметтік қозғалыс белсенді қолдаушылары қанша көп болса да ұзақ уақытқа созыла алмайды. Діни қозғалыс өзінің мақсатын жүзеге асыру үшін, өзінің сыншылары мен оппоненттерінен қорғану үшін, қоғамда орнықты институт ретінде өзін көрсету үшін ол діни бірлестік түрінде ресми тіркеледі. Бұл үшін діни ұйымның қойған мақсатына жетудің топтық идеологиясы мен методтарының тұжырымдалуы керек, еңбекті бөлу жүйесі жасалуы керек, ұйымдағы билікті ресмилеу, ұйымның қатардағы мүшелерін бақылау, діни рәсімдерді реттеу мәселелері шешілуі міндетті. Көшбасшы үлкен рөл атқарады. Ол мемлекет немесе саяси қайраткер сияқты өзінің жеке әулиелігіне қоса практикалық іскерлікті, ұйымдастырушылықты біріктіретінін тұлға.

Үшінші кезеңде әлемдік діндердің діни қозғалысындағы миссионерлік потенциал күшейе түседі, олар жаңаша өмір сүрудің мүмкіншіліктерімен бөлісуге ұмтылушылық көрсету арқылы жаңа сенушілерді жинап, өзінің әлеуметтік базасын кеңейтуге ұмтылады.

Төртінші кезең діни қозғалыстың аяқталатын сатысы болып табылады. Институтциялану процесі шіркеудің жаңа әлеуметтік институт ретінде құрылуымен аяқталады. Бұл кезең орнықтылығымен, формализм мен конформизмнің күшейуімен, діни сенімдегі эмоцияның басылуымен, рухани өсуге қажетті потенциалдың болмауымен мінезделеді. Осылардың себебінен сенушілер арасында наразылық туып, жаңа діни қозғалыстардың алғы шарттары жасалады. Көшбасшылық бұл жерде әкімшілік-бюрократиялық қызмет атқарып, қалыптасқан тәртіпті сақтауға бағытталады.

Діни қозғалыстың негізі сенушілер болағандықтан социологтар сенушілердің классификациясын жасауға бірнеше рет талпыныс жасады. Солардың бірі Габриел Ле Браның классификациясы. Бұл зерттеу Франциядағы католик шіркеуінің материалдары бойынша жүргізілсе де, зерттеудің ғылыми тұжырымдарын дінтанушылар барлық христиандық конфессияларға қолдануға болады деп қабылдап отыр. Габриел Ле Браның ойынша дінге сенушілерді төрт топқа бөледі:

бірінші топ- шіркеуге қатысты «бөтендер» (бұл адамдар шіркеуден толық кеткен немесе ешқашанқандай дінді ұстанбағандар);

екінші топтағылар «мауысымдық конформистер» (шіркеуге тек жасына байланысты (мауысымдық) жасалатын ғұрыптарды: шоқыну, некеге отыру, дүние салған адамды шығарып салу мақсатымен келеді;

үшінші топтағылар «тәртіпті діндарлар» (қалыпты түрде жексенбілік Құдайға арналған діни қызметті атқарып отырады: күнәні мойындау (исповедь), нан ұзу рәсіміне қатысады);

төртінші топтағылар «екіжүзділер» немесе жауынгер діндарлар (бұл адамдардың діндарлығы діни міндеткерліктің шеңберінен шығып кетеді).

Бір діни ілімді мойындайтын және соған байланысты ғұрыптарды орындайтын дінге сенушілердің бірлестігін діни қоғам деп атайды. Діни

қоғамдардың бірлестігі діни қауымдастықты немесе бірлестікті құрайды. Діни бірлестіктер біртіндеп қоғамдық тәртіпке икемделіп, өзінің ұйымдасқан жүйесін жасап алып, әлеуметтік институт ретінде шіркеуге айналады.

Христиандықты зерттеудің негізінде М. Вебер мен Э. Трельч діни ұйымдардың дихотомиялық типологиясын ұсынды. Бұл типологияда діндер шіркеу және секта («шіркеудің ішіндегі шіркеу») яғни шіркеудің ішінде пайда болып, кейін одан бөлініп шығады. [2].

М. Вебер «Шіркеу бұл құтқарылғысы келетін сенушілер қауымдастығы. Секта бұл сыртқы әлемнен бөлінуге ұмтылатын, құтқарылған сенушілер қоғамы. Екі жүйенің принциптерінің арасындағы ішкі және сыртқы қақтығыс бүкіл протестантизм тарихымен бірге келеді. Сектаға жату әрқашанда келісіммен болады, бұл жоғарғы діни білім куәлігін алған адамдардың бірлестігі. Сектаға адамдар өздерінің тұлғалық ерекшеліктері және қасиеттерімен кіргізіледі немесе қабылданады» деп жазды [3].

XX-шы ғасырдың екінші жартысында бұл зерттеуді американдық ғалымдар Р. Нибур мен Г. Беккер жалғастырды. Р. Нибур діни ұйымның даму сатысындағы сектадан шіркеуге айналу аралық кезенді көрсету үшін деноминация ұғымын кіргізді. Г. Беккер қазіргі жаңа діни бірлестіктердің формасын культтер деп атауды ұсынды.

«Дәстүрлі емес культтер», «Жаңа ғасыр діндері», «Неодіндер», «Конфессиялық емес», «Канондық емес сенімдер», «Баламалық культтер», «Жастар діні» - Шығыс елдерінде, Еуропа мен АҚШ - та XX ғасырдың 60-70 жылдарында кең таралған діни құбылыстар қатарын осылай әр-түрлі атайды. Аталған уақыт діни сананың тарихи калыптасқан, дәстүрлі формаларының дағдарысымен сипатталады, солардың ішінде, әсіресе, христиан дінінің дағдарысымен белгілі. Христиан діні - батыс еуропалық және американдық құндылықтар жүйесінің маңызды элементі ретінде барлық әлеуметтік зардаптар үшін «жауапты» деп есептелді. Тұтынушылық, технократтық қоғамның ресми құндылықтарынан көңілі қалу, жалғыздық сезімі, өмірден түңілу сезімі - осылардан барлығы жаңа құндылықтар жүйесін, жаңа «өмір ғылымын» іздестірудің әлеуметтік-психологиялық факторына айналды. Жаңа қозғалыстардың басшылары, діни ұйым лидерлері қоғамдық көңіл-күйлердегі ауытқуларға тез арада назар аударып, «күнәһар» әлемнің зұлматтарын бірден сынап, өздерін біртуар құтқарушылар есебінде жарнамалап, жоғары даналық пен моральдың жаршылары болып көрінді.

Дәстүрден тыс культтердің тобын құрушылар негізінен орта топтан шыққан жастар. Олар жоғары білімді, әл-ауқатты жандар болғанмен, олардың ішкі рухани дүниесі тарылып, өзара әлеуметтік байланыстары бұзылған жандар деп мінездеме береді сол кезенді зерттеушілер. Қазақстанда да әлеуметтік қарама-қайшылықтың түрлі формаларынан түңілген, үйреншікті өмірлік жол арнасынан адасып қалған адамдар үшін дәстүрлі емес культтер бас сауғалар қонысқа айналды.

«Жаңа ғасыр» діндерінде күшті ұйымдық, қатал адамгершілік талаптар және мінез-құлықтық өмірлік ережелер, рухани бағып-баулушы рөлін алған көшбасшылардың авторитаризмі басым.

«Жаңа ғасыр» діндерінің өзіндік ерекшеліктері бұл ұйымдарда көп жағдайда харизмалы лидердің, көсемнің қатаң авторитаризмі болады. Оларға ресми құндылықтар мен мақсат-мұраттарға, әрі соларды ұстанатын шіркеулік ұйымдарға қарсылық сипаты тән. Олардың бойында әсіресе «Біз» – деген сезім күшті дамыған. Қауымдастықтың ішкі өмірін олар жарғылар мен ережелер арқылы реттейді. Онда қауымға кіру және қауым алдында міндетті болу ережелері де көрсетілген. Солай десек те, катал институтционалды құрылымы жоқ жаңа діни ұйымдар да баршылық. Осы жаңа қауымдардың қызметі көп жағдайда деструктивтік сипат алып, қоғамға қауіпті секталар ретінде бағалануда. Онда психотехнологиялар, психотерапия әдістері пайдаланылады. Оларда прозелиттерге, яғни жаңадан келгендерге олардың топ ішіне сіңісуіне баса назар аударылады. Бұл жөнінде төменде теренірек қарастырылады.

«Жаңа ғасыр» діни бірлестіктері мықты ұлтаралық корпорациялар ретінде әрекеттенеді, ірі бизнеспен айналысады, олардың әлемнің көптеген елдерінде филиалдары бар. Француз ұлттық ассамблеясының мүшесі Катрин Пикар 2006 жылы 25-26 наурыз аралығында Брюсселде «Культтердің интернализациясы. Еуропадағы адам құқығына қауіп төнуде» деген тақырыпта өткен халықаралық конференцияда жаңа діни ағымдардың көбінің ақша жасаумен айналысатынын, соның бір дәлелі ретінде секталардың ақшасына тікелей қатысы бар Еуропада жұмыс жасайтын Люксембург банкісінің қызметін атады.

Дәстүрлі емес культтердің ортақ белгілері де, алуан түрлі ерекшеліктері де бар. Әйтсе де дінтану саласында осы культтердің барлығы діни ілімдері мен қызметіне қарай шартты түрде топтастырылған:

1. Неоориенталистік культтер. Неоориенталистік культтердің тегі шығыстан тараған. Олар көбінде индуизм мен буддизмнің түрлі нұсқауларын жаңашаландырған діни құрылымдар. Неоиндуистік және необуддистік ілімдер арылудың (мокша, нирвана) тылсым жолын ұсынады. Ол адам бойында бар құдайлық бастаманы ояту жолы. Әлемде бар нәрселердің ешқайсысы құрдан құр болмайды, оның арғы жағында нағыз құдай табиғаты жатыр, ол үйлесімді де әділетті табиғат деп түсіндіріледі. Мақсат - көптеген медитация түрлерін пайдалана отырып, сол бір шынайы табиғатпен біржола бірігу. Медитация процесі (ойға шому, аңдау, іштей зейін салу, қоршаған ортадан толық бөліну) мантралар, мистикалық мағына беретін дыбыстар немесе арнайы сөздер қосағын айтудан тұрады. Діни ілімді түсіну тек шынайы жолға түсуден, жеке бас тәжірибесінен кейін ғана мүмкін. Ол үшін гурудың (рухани ұстаздың) ролі бірінші орында тұру керек. Гурудың батасын алмай азаптан құтылу тұрмақ, рухани өсудің өзі мүмкін емес.

2. Жаңахристиандық бірлестіктер: «Бірігу шіркеуі», «Құдай балалары отбасы», «Соңғы Өсиет шіркеуі» және т.б. Бұл культтерге христиандық теологияны өңдеу, шығыс діндерінің элементтері қосылған синкретизм тән, эсхатология мен messiандыққа ерекше көңіл бөлу, діни ағым жетекшісін Құдай жіберген елші мәртебесінде қабылдау, оны жаңа аян беруші, жаңа жоғары адамгершілік ережелерін әкелуші деп қарастыру тән.

3. Сайентологиялық бағыттар: «Сайентология Шіркеуі», «Ғарыштық діндер» және т.б. құрайды. Ол культтерде түрлі физикалық аспап - құралдарға мистикалық мән беріледі, сөйтіп кейбір елге белгісіз және тылсым жоғары күштермен факторлардың физикалық, биологиялық табиғатқа әсерін тіркеуге және тіпті өлшеуге болатындығы айтылады. Онда психика мен қоршаған ортаның зерттелген құбылыстары мистикалық тұрғыдан түсіндіріледі.

4. Жаңа сиқыршылар, спиритизм. Сақталып қалған үйреншікті, сиқыршылар, бақсылар, балгерлермен қатар, жаңа магиялық ілімдер мен институттар үлкен беделге ие болып келеді. Олар шығыстық және батыстық, ежелгі және қазіргі дәстүрлердің тәжірибелері мен көзқарастарын біріктіреді, сол сияқты жаңа сиқыршылар мен балгерлердің аяқ астынан туындаған шығармашылығын да қосады. Ондай бағыттарға мысалы: Карлос Кастанеданың ілімін жатқызуға болады. Ол мексикалық үндістердің мифологиясына негізделген ілім. Өткен ғасырдың өзінде-ақ Еуропа мен Солтүстік Америкада басталып кеткен спиритистік қозғалыстар әлемге кеңінен тарала бастады. Олар өлген адамдардың аруақтарымен араласумен, тілдесумен айналысады.

5. «Шайтандық» топтар. Сатанизм көне Ирактан келген. Оның өсиет-уағыздары Көк кітапта жатыр. Сатаналық культтер зұлымдық пен зорлық-озбырлықты дәріптейді, сөйтіп зұлымдықтың мистикалық көздері шайтанмен, демонмен және т.б. қарым-қатынасты уағыздайды. Мысалы «Сатана қоғамы» өздерін зұлымдықтың саналы тасымалдаушысы және христиандықтың антиподы деп жариялайды.

Жоғарыда берілген топтамаға ұқсас, аздаған өзгерістерімен қоса ресейлік ғалым И.Я. Кантарев жаңа діни қозғалыстардың классификациясын ұсынды: Жаңахристиандық бірлестіктер, Неоориенталистік культтер, Синкреттік және универсалдық қозғалыстар, Жаңа пұтшылдық, Шайтандық топтар.

Алғашқы төрт культ топтары арасында нақты бекітілген шекаралар жоқ, оларды шартты түрде ғана бөліп қарастыра аламыз. Сонымен «Трансценденталды медитацияны», Махариша Махеш Йоганың ілімін сайентологиялық культтерге жатқызуға болады. Р. Хаббардтың «Сайентология шіркеуі» буддизмнің кейбір идеяларын дәлірек айтсақ ішкі тыныштық пен қамсыздық (нирвана) күйіне жетуді қолданады. Неохристиандық культтер шығыстық жүйелерден алынған медитацияны, сиқырлауды пайдаланады. Сонымен бірге неоориенталистік ілімдер көбінесе қоғамдық қатынастар туралы демократиялық идеяларды христиандық және зайырлы батыс философиясынан алып отыр. Жалпы алғанда бұлар синкреттік культтер. XX ғасыр діндерінің «жолын куушылардың» көпшілігінің сыртқы бет әлпеті мен культтік практикасының экстраваганттығы (әдеттегідей еместігі) назар аудартады. Оларда алғы шепке культтің эмоционалды психологиялық жағы шығып отыр.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Гараджа В.И. Социология религии. Учебное пособие. М., 2006.
2. Религия и общество. Хрестоматия по социологии религии/ Сост. В.И. Гараджа и Е.Д. Руткевич. М., 1996.
3. Вебер М. Избранные произведения / Под ред. д.ф.н. Ю.Давыдова. М., 1990.
4. Баркер А. Новые религиозные движения. СПб., 1997.

Жаңа діни ағымдардағы сектанттықтың әлеуметтік – философиялық мәні.

Қазіргі кезеңдегі еліміздегі жаңа діни ағымдардың көпшілігінің қызметі дәстүрлік діндердің алдын орап, жұртшылықтың назарын өздеріне аударуда. Бұл жаңа ағымдар туралы газет- журналдарда, оқулықтарда, арнайы зерттеу жұмыстарында жазғанда оларды «секталар» деп атайды. Бұл атауды қолдану негізсіз емес деп ойлаймыз. Себебі соңғы кезде біраз авторлар тек ерекше діни ұйым формасын ғана емес, сонымен қоса барлық псевдодіндерді және зайырлы ұйымдарды сектаға жатқызу керек деген ойды айтады. Егер ұйымда төменде аталған мінездемелер болса, онда оларды сектаға жатқызуға болады:

- Ілімдерінің екіжақтылығы (сектада ашық таралатын, қоғамға, ұйымның қатардағы мүшелеріне арналған ресми ілім және тек ұйым басшылары мен көшбасшыға белгілі құпия ілім);
- Қатал иерархиялық ұйымдастырылу (секта басшылығы, қатардағы адептер, неофиттер);
- Ұйым басшылары адептер мен неофиттерге агрессиялық манипуляция әдісін қолдану арқылы олардың тұлғалық еріктерін бақылауға алады;
- Ұйымның адептерімен қоса ұйымға мүше еместерге де физикалық, моральдық және материалдық зиян келтіреді.

Осы өлшемдерді ғылыми қолданысқа кіргізуді қолдайтын Батыстық ғалымдар Т. Гандоу, Р. Лифтон, У. Мартин, Дж. Макдауэлл, Д. Стюарт, діни сектанттықтың феноменін зерттеген ресейлік ғалымдар мен діни қайраткерлердің арасынан А. Дворкин , А. Васильев, Е.Н. Волков, Н. В. Дмитриева, Ц. П. Короленко, И. Куликов, А. В. Кураев, Л. Н. Митрохин, А. В. Саввин, О. Стеняев, Д. А. Таевский, Н. А. Трофимчук, А. И. Хвыля-Олинтер, Н. В. Кривельская, Тонконогов А.В есімдерін атап өтуге болады.

Сектанттық феномен адамның әлеуметтік өмірінің барлық салаларында көрінеді. Сектанттық – бұл әлеуметтік феномен, әлеуметтік және мемлекеттік

институттарға қарысы бағытталған, қоғамның рухани өмірінде деструктивтік көзқарастар мен әрекеттердің жиынтығын құрайтын жүйе. Сектанттық қоғамға қарысы (секулярлы немесе діни) сенім, деструктивтік (секулярлы, діни немесе псевдодіни) культтер және ұйымдар (секулярлы, діни немесе псевдодіни) ретінде қарастырылады.

Сектанттық нақтылы тұлғасыз және оның іс-әрекетінсіз болмайды, сондықтан оны тек әлеуметтік феномен деп қана қарастырмай, әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде қарастыру керек. Себебі сектанттықты зерттеген барлық ғалымдар сектанттық ілімді таратушылардың шектен тыс фанатизімі мен агрессиясын, басқаша ойлайтындарға деген жек көрушілікті, азшылық топтың, тіпті жеке тұлғаның мүддесіне бүкіл қоғамның мүддесін қарсы қоюды атап көрсетеді. «философиялық тұрғыдан қарастырсақ сектанттықтық идеология кез- келген діни идеология сияқты таза идеализм. Оның қоғамға қарысы реакциялық мәні секталардың ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі көрінеді» [1].

Секталарды әртүрлі негіздермен топтауға болады:

- *уағыздайтын ілімдеріне сай* - діни, псевдодіни, зайырлы;
- діни, псевдодіни секталар өз алдына діни ілімдеріне байланысты рациональдық және мистикалық болып қарастырылады;
- *ілімдерінің пайда болуына сай*:
- бастапқы- эксклюзивті, қоғамдағы идеологияны жоққа шығарады, өзгеше, басқалардан бөлек ілімді ұсынады;
- қайталама-еретикалық, олардың ілімдерінің негізін бұрыннан белгілі діни және зайырлы идеология құрайды;
- синкреттік- біріктіруші, әртүрлі ілімдердің карама-қайшы элементтерін біріктіреді;
- *ілімдерінің ерекшеліктеріне сай*:
- дін-христиандық, исламдық және т.б.;
- псевдодіни- теософиялық, спиритивтік және т.б.;
- зайырлы-ғылыми, псевдоғылыми, коммерсиялық және т.б.;
- ұйымдастыру формасына, қызметінің бағытына, әдептерін бақылауына байланысты:
- псевдодемократиялық және тоталитарлық;
- *пайда болған аймағына байланысты*:
- шығыстық және батыстық;
- таралу аймағы мен әдептердің санына байланысты:
- локальды және универсальды.

Сектанттықтың қоғамдағы әртүрлі дүниетанымдық-идеологиялық, танымдық - көңіл көтерушілік, дезинтеграциялық, субмәдениеттік,

құндылықты-бағдарламалық функцияларын қарастыра келіп, сектанттық феномен көп жақты және әртүрлі әлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайда өзінше бір әлеуметтік бағыты көбінесе девиантты-деструктивті немесе деликвентті болады [2], деген тұжырым жасалады. Бірақ сектаға тек ашық девиантты-деструктивті немесе деликвентті бағыттағы адамдар ғана емес, әлеуметтік адаптациялы тұлғалар да түседі. Себебі «адам екі әлемге табиғи қажеттілікке және адамгершілік еркіндігіне жататын тіршілік иесі» (Кант), «өзін-өзі қалыптастыратын табиғаттың алғашқы бостандық алушысы» (Гердер), «еркіндіктің арқасында адам «өзін-өзі туады» яғни табиғи тіршілік иесі тұлғаға айналады, өзін-өзі айқындайтын рухани болмыс болады (Кьеркегор) физикалық және рухани, табиғи және әлеуметтік бірліктегі тірі жүйе» [3]. Адамның өзін қоршаған ортаны өзгертуге деген, өзін рухани жетілдіруге деген жағымды ұмтылыстарын секта миссионерлері оларды өз қатарларына тарту үшін шебер қолданады. Өзінің рухани, интеллектуальды, физикалық күш қайратын жүзеге асырғысы келген адамдарды алдап, алғашында «әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында» деген атаумен семинарларға, курстарға қатысуды ұсынып, кейіннен өз ұйымдарының қызметіне тарта бастайды.

Секталарды құрудың және оған басқаларды тартудың, секталарға кетудің әртүрлі (сонының ішінде алданудың нәтижесінде) себептері мен қажеттіліктерін зерттей келе бұл процестің болу себебінің өзіне әлеуметтік-саяси, экономикадық және психологиялық факторлар әсер ететіндігі ашылып отыр. Ал адамдардың сектаға кетуі өз өмірлеріне көңілі толмау, өзінде не қоршаған ортада бір өзгеріс жасауға ұмтылыс.

Сектанттарды үшке бөлуге болады: сектаны құрушылар, сектаға тартушылар, сектаға тартылған мүшелер. Секта басшылары «хабар айтушылар», сектаға тартушылар тартылған мүшелерге агрессивті манипуляция әдісін қолданады. Нәтижесінде ол мүшенің өзіне және оның жанындағы адамдардың денсаулықтарына, жеке меншіктеріне және әлеуметтік жағдайына, көңіл-күйіне зиян келтіріледі.

Секталарға мүшелікті А. Дворкин бір орталыққа шоғырланған үш шеңбер түріндегі, үш деңгейге бөледі: «Ішкі шеңбер – бұл «маманданған» «сектатанушылар», яғни бұл осы қызметпен өзінің күн көрісіне ақы тауып жүрген көшбасшылар, емшілер, экстрасенстер, шығыс күрес өнерлерін оқытушылар, йога әдісін тағыда соған ұқсастар»

Келесі шеңбер барлық уақыттарын сектада өткізетін, сонда қонып, өздерін толығымен сектанттық қызметке арнаған. Бірінші шеңберге карағанда бұл шеңбер тарлау, себебі «жарты ставкадағы» сектанттар

салыстырмалы көп емес, олар көбінесе бір сектадан екінші сектаға ағылып жатады.

Секта мүшелерінің ең кең шеңберіне сектаға жартылай тартылған адамдар кіреді. Біздің елде тұрғындардың көшілігі осы шеңберге кіруі мүмкін. Бұл қажет кезде сектанттық офицерлердің полкын толықтыратын солдаттар» [4].

Сектаға келген неофиттерді фанат адепке айналдыру мақсатында, оларды тұрақты бақылауға алып, олардың тұлғалық қасиетін бұзатын мына әдістер қолданылады:

- транса түсіретін әдістер жүйелі қолданылады;
- сектаның өмір сүру стилін қабылдауды талап ету;
- сыни көзқарастардың алдын-алып отыру;
- ақпараттық бақылау жүргізу - культтік, сектанттық әдебиеттерден басқа хабар беретін материалдарға тиым салу;
- қорқыту (қауіп төндіру);
- қоғамнан оқшаулау – адептерге сектадан тыс достарымен, қызмет бабымен араласуға, туысқандық қарым-қатынастарды қысқартуға кеңес беріледі;
- қаржылық міндеттеме – өзінің жеке меншік жылжымалы және жылжымайтын мүліктерін секта басшыларының қолданысына өткізу.

Сектанттықтың әлемдегі тарихи дамуын кезеңдерге бөлуге талпынысты П. Н. Милуков, В. Д. Бонч-Бруевич А. Катунский, Д. Фурман, К. Привалов, Ф. Путенцев, А. И. Клибанов және Н. М. Никольский еңбектерінен көруге болады:

- 1) біздің эрамыздың I ғасыры (пұтқа табынушылық, шайтандық сеталар, ежелгі діндердің секталары);
- 2) біздің эрамыздың I ғасырынан бастап VI ғасыр аралығы (христиандық ерестік секталар);
- 3) VII ғасырдан XV ғасыр (исламдық секталардың пайда болуы және дамуы);
- 4) XVI ғасырдан XVIII ғасыр (Реформациядан кейін пайда болған секталардың дамуы);
- 5) XIX ғасырдан XXI ғасыр (секулярлық, жаңапұтшылдық, неопротестанттық секталар) [4].

XX-XXI ғасырлардағы сектанттық тарихын универсальдық секталар мысалында қарастыруға болады. Олардың жалпы саны туралы нақты мәлімет алу өте қиын, себебі кейбір ұйымдар пайда болып, көп ұзамай жұмысын тоқтатады, немесе жасырын іс-әрекетке көшеді. Әйтсе де кейбір зерттеушілер жаңа діни ағымдар туралы мәліметтер береді. [5].

Тағы бір атап өту керек мәселе бұл ХХ ғасырда (сектанттықтың дамуының басқа кезеңдерімен салыстырғанда) шайтандық секталардың ашық және белсенді түрде таралғаны. Жаңа секталардың синкреттік ілімдерінің жоғары деңгейінің көсеткіші қазіргі кезеңдегі сатанизмнің дамуы және локальды секталардың бірігуі, универсальдық секталардың құрылуы болып табылады. ХХ ғасырда сектанттықтың тез арада дамуына 1905 және 1917 жылдардағы революциялар әсер еткен. 1905 жылы патша режимі, содан кейінгі Кеңес өкіметі силаған бостандық, секталардың қаржысы мен адамдарының потенциалы, сонымен қоса сектанттық ресейліктердің православиеге деген жеккөрушілік сезімі көптеген секталарға Ресейдің қоғамдық – саяси өміріне араласуына мүмкіншілік берді [6].

Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген жаңа діни ағымдардың мүшелері қолдарына қару алғылары келмеді. Бірақ, соғысқа қарсы дінге сенушілер арасында уағыз жүргізгендері де болған. Сталин репрессия жылдарында жаңа діни ағымдардың ел ішіндегі қызметін ескеріп, оларды «халық жауларына» теңеді (8 апреля 1929 г. Постановление ВЦИК РСФСР "О религиозных объединениях") бірақ 1942 жылдан бастап фашизмге белсенді қарсы шыққан жаңа діни ағымдардың потенциалын қолдануды жөн көрді [6].

Ұлы Отан соғысы аяқталған соң көптеген діни қауымдастықтар ашық түрде ресми жұмыс жасады. 1954 жылы Коммунистік партияның Орталық Комитеті ғылыми-атеистік үгіт жүргізу туралы Шешім қабылдады. Осы уақыттан бастап «сектанттық діннің ең зиянды көрінісі ретінде қарастырылып, қатал қуғындауға түсірілді» [7]. Бұл жағдайдың болу себебі сол кездегі Кеңестік режимге сектанттық мораль қажет болудан қалды, сектанттықпен ынтымақтастықта болу идеология жағынан пайдасыз болып қалды деген ой айтуға болады.

Әлемдік социумда сектанттық феноменінің дамуы көп жағдайларда жеке мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне шынайы қауіп туғызып қана қоймай, бүкіл әлемдік тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Сондықтан сектанттықтың әлеуметтік қауіпті формасының алдын алудың әлеуметтік, құқықтық эффективті жолдары мен методтарын жасау керек. Ол үшін қазіргі экономика мен саясаттағы жаһандану процесі кезеңінде діни, псевдодіни, зайырлы секталардың пайда болуы мен белсенді дамуының негізгі себептерін зерттеу қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Клибанов А. И. Сектантство в прошлом и настоящем. «Современное сектантство». Издательство Академии наук, М.1961.- 314, 31 стр.

2. Тонконогов А.В. Профилактика деятельности религиозных, псевдорелигиозных, светских сект в уголовно-исполнительной системе. Методическое пособие. М., НИИ УИС Минюста России, 2003.
3. Философский энциклопедический словарь. / Редкол.: С.С. Аверинцев, Э.А. Араб-Оглы, Л. Ф. Ильичев и др. – 2-е изд. М.: Сов. Энциклопедия, 1989 – 815 с. , 737 стр.
4. Дворкин А. Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования. Нижний Новгород: Издательство «Христианская библиотека», 2006. С.813. стр-51
5. Клибанов А. И., История религиозного сектантства в России (60-е гг. XIX в. — 1917 г.), М., 1965. – 347с., 15-31 стр.
6. Монтгомери Дж. Рассвет. 7 миллионов церквей в 2000 г. М.:, 1993. стр. 58.
7. Путинцев Ф. Политическая роль сектантства М., 1928. стр. 52.

Деструктивті діни ағымдардың қызметіне анықтама

Өткен тақырыпта қарастырылған сектаның өлшемдері бойынша бұл топ мүшелерін физикалық және психологиялық тәуелділікке түсіруді мақсат ететін ұйым. Бұл сөздіктерде берілетін жалпылама анықтама. «Секта» (лат. secta – өмір сүру бейнесі, ілім, бағыт, мектеп) сөзінің екі этимологиясы бар: sectare – қыю, бөлу, немесе, sequi – біреудің соңынан еру, мойынсұну, біреуге қызмет ету. Негізінде көптеген дәстүрлі діндерден бөлініп шыққан діни ағымдардың барлығын секта деп атайды. Бірақ оларға қандайда бір жаманшылықты таратушы ағым ретінде мінездеме беруге болмайды. Керісінше, секталардың көбі халықтардың дәстүріне мәдениөзгерткіштік әсер етіп, өздері бөлініп шыққан дәстүрлі діндерден кейбір діни догматтарымен ғана өзгешеленіп, кейіннен біртіндеп күшті діни қозғалысқа айналады. Оған протестантизмді мысалға алуға болады.

Бірақ, осындай көп діни ағымдардың ішінде қызметтері қазіргі зайырлы қоғам заңдарына қарама-қайшы келетіндері, тіпті ілімдерінде ашық түрде зорлық көрсетуге шақыратындары да аз емес. (АУМ Синрике, Белое Братство, Шайтан шіркеуі, т.б.) Яғни бұлар деструктивтік бағыттағы діни ұйымдар. Сондықтан соңғы он жылда ғылыми қолданысқа кіргізілген тоталитарлық секталар немесе деструктивтік культтер - жаңа терминдерді қолданған дұрыс. Сөздіктерде «культ» (латынша cultus – сыйыну) бір нәрсеге немесе біреуге сыйыну, сыйыну объектісіне қатысты рәсімдік әрекеттер жиынтығы.

Сонымен деструктивтік діни бірлестік (деструктивтік культ, тоталитарлық секта) – бұл адамның физикалық, психикалық күйіне, рухани дамуының табиғатын бұзатын, сонымен қатар қоғамдағы, мәдениеттегі дәстүрлер мен нормаларға қарсы авторитарлық иерархиялық ұйым. Бұл

ұйымдарда жеке тұлғаның (көшбасшының) немесе топтың (біреудің басқаруымен) мақсатты түрде жасырын психологиялық зорлықты қолдану арқылы, заңсыз адамдардың санасы, іс-әрекеті және өмірі бақылауға алынады.

«Тоталитарлық секта», «деструктивтік культ» ұғымына қарағанда кеңірек ұғым, себебі тоталитарлық секта тек діни топтардың әлеуметтік-психологиялық және ұйымдық мінездемелерін беріп қана қоймайды, олардың өздеріне тән мынадай ортақ ерекшеліктері бар.

Біріншіден, олар тарататын ілім ең соңғы ақиқат деп есептеледі, кез-келген аймақта «руханилықты» (өз діндерін) таратуды талап етеді, дәстүрлі діндерге және әр елдің ұлттық-рухани құндылықтарына агрессиялық төзімсіздік немесе немқұрайлы қарым-қатынас.

Екіншіден, сырттай өнегелік: барлық жаңа құрылымдар ең мейрімді мақсаттарды қойып, өздеріне тартатын атпен көзге түседі. Олар өздерінің шынайы мақсаттарын, қызметтерінің нәтижесін жасырын ұстайды.

Үшіншіден, дәстүрлі діндердің киелі кітаптарын мақсатты түрде бұрмалап, оларды өз догматтары ретінде қолданады.

Төртіншіден, «психотехнология» әдісін қолдану және өз мүшелерін басқа мәлімет көзінен қиып тастау.

Бесіншіден, секта мүшелері ұйымға жаңа мүше жинауға міндеттеледі.

Барлық культтерге ортақ нәрсе секта басшыларының саяси мақсаттары, билік жүйесінде өз агенттерін ұстау. Бірде-бір ағым бұрын айтылмаған немесе қолданбаған адамгершілік құндылықтарды ұсынбайды, негізінен бұл ағымдардың іліміне мына ерекшеліктер тән: өз құдайларына сыйынады, «ақыр заманды болжайды», «жоғарғы ақыл-оймен» байланысқа түседі, «өлгеннен кейін қайта тірілу» мүмкіндігін береді.

Бұл ұйымдарда тірі адамға табынады (ұйым басшылары тірі құдай ретінде қабылданады), діни ілімдері эсхатологияға негізделеді, жиындарының көпшілігі жасырын өткізіледі, ұйым мүшелері қатал рухани бақылауда болады және бұл ұйымдар қоғамға қарсы әрекеттер жасайды. Кейбір авторлар осындай анықтаманы деструктивтік дінге немесе жаңа діни құрылымдарға береді. Бұл ұйымдардың барлығы дәстүрлі діни конфессиялар сияқты өмірдің мәнін іздеу, жанның мәңгілігі туралы, азаптан құтылу, өзін-өзі жетілдіру сияқты адамның рухани тіленістеріне байланысты мәселелерге көңіл бөледі.

Секталардың қызметі тармақты маркетингті ұйымдастырғандағы сияқты бір жүйеге келтіріліп жүргізіледі. Мамандар маркетинг принциптеріне сараптама жасағанда бұл жұмыста дилер жетістікке жету үшін оның мынандай психологиялық көрсеткіштері болуы керек дейді. Ол адам дүниеқор, пайдакүнем, ұялу, ыңғайсыздануды білмейтін, екіжүзді актер болуы керек. Сонымен қоса оның кәсіби мүдделестік сезімі өте күшті дамуы қажет. Маркетингте де, секталарда да осындай қасиетпен көзге түсетін лидерлар (көшбасшылар) бар. Маркетингпен секталардың жұмыс кезеңдері де бірдей:

1. мүшелікке таңдау;

2. тармаққа баулу;

3. психологиялық тазарту.

Тармақты маркетинг пен сектанттық қызмет адамдарды «бағыттаудан» басталады. Ол үшін бес–алты адамнан жиналаған топ болса жеткілікті. Бұндай кездесулерде олар өте мейрімді жанашыр ретінде әңгіме айтып, адамдардың сеніміне кіріп алады. Одан кейін біртіндеп осы адамдармен нейролингвистикалық бағдарламаның заңына сай жұмыс жасайды. Бұндай принциппен жұмыс істейтін адам кез-келген аудиторияны транс (санадан тыс болу) жағдайына түсіре алады. Егер діни ағымдардың қызметінде осындай белгілер болып, психотехникалық әдістер қолданылса, оларды деструктивті секталарға жатқызуға болады. Мамандар секталарды зерттеу барысында олардың қызметіндегі ортақ белгілерін төмендегідей деп береді:

- жаңа келген адамға ерекше мейрім көрсету;
- үздіксіз медитация, қасиетті сөздерді (фразаларды) қайталау арқылы трансқа түсу;
- индоктринация - ұйымда уағыздалатын ілімді түсіндіру. 3-4 сағаттық діни рәміздер: медитация, діни уағыз, медитациялық музыка.

Жоғарыда аталған қызметтермен қоса бұл ұйымдар өз алдарына үлкен мақсаттар қояды :

- әлемдік деңгейдегі атақ–абыройға ие болу;
- өздеріне жаппай мүшелерді жинау;

Ұйым мүшелерінің санасын өзгерту мақсатында олардың психикаларына әсер ету.

Адам санасын манипуляциялау бұл адамның келісімімен немесе келісімінсіз де бір іс-әрекет жасауға немесе іс-әрекет жасаудан бас тартуға мәжбүр ету мақсатымен арнайы әдіс қолдану немесе қайта-қайта ауыр қысым жасау, нәтижесінде адамның денсаулығына үлкен зиян келтіріледі. Қазір секталардағы «сананы манипуляциялау» мәселесі үлкен қылмыс деп анықталып, бұл әрекетті заң жүзінде жауапкершілікке тарту қолға алынып жатыр.

Транс жағдайының пайда болуының физиологиялық механизімін ХХ ғасыр басында орыс ғалымы А. Ухтомский зерттеген. Ол трансқа болған кез-келген адамның санасы трансформацияға ұшырайды. Ол транс камланиямен бе, ритмикалық дыбыстармен бе, ғылыми лингвистикалық практикамен бе, медитациямен бе, есірткімен бе қалай шақырылса да адам санасына зиянды құбылыс болады деп қорытынды жасаған. Дәстүрлі діндер бұндай әрекеттерге тыйым салады. Адам жанының құдаймен бірігуі магиялық практика, «сырт күштерге», «рухтарға», «табиғат объектілеріне», «Абсолютке», «космостық ақыл-ойға» табыну арқылы болмайды. Дәстүрлі діндерді ұстанушыларды бірдей құндылықтар мен принциптер біріктірсе, сектанттық ұйымдар керісінше адамдарды ұйым басшысы немесе рухани

ұстаз абыройына бас ию мен ұйым мүшелерінің өзара қарым-қатынастары біріктіреді. Сондықтан да дәстүрлі діндердің ұйымдастыруларында жұмсақтық, бостық басым көрініс табады ал, жаңа құрылымдарда темірдей тәртіп арқылы өз құрамындағы адамдардың өмірі толығымен бақылауда болады.

Францияның Ішкі Істер Министрлігінің арнайы қызметі ұйымда төмендегі аталған 10 өлшемнің біреуінің болуы оны «секта» деп анықтауға негіз береді деп ұйғарымға келген:

- санаға әсер ету;
- өлшемсіз қаржылық сұраныс;
- бұрынғы қарым-қатынастан бас тартуға мәжбүрлеу;
- денсаулыққа зиян келтіру;
- балаларды азғыру;
- қоғамға қарсы идеяларды тарату;
- қоғамдық тәртіпті бұзу;
- ұйым басшыларының немесе мүшелерінің тергеуге түсуі;
- ұйымның экономикалық кірісін жасыру;
- мемлекет басқару жүйесіне кіруге талпыныс жасау

Белгия парламентінің секталардың заңсыз қызметіне байланысты комиссиясының адвокаты Серж Моро секталарды үш категорияға бөледі. 1) Классикалық секталар - әлеуметтік зияны жоқ, 2) әлеуметтік қауіпті секталар, 3) қылмыстық топтық секталар. Белгияда әрекет еткен секта «Құдайдың универсальдық шіркеуі» ресми тіркеуден кейін, сот шешімімен қылмыстық топқа жатқызылған. Серж Моро Рон Хаббардтың «Саентологиясын» да өте қауіпті секталарға жатқызады.

Дінтанушылар мен психолог мамандар жаңа діни құрылымдардағы жұмыс негізінен жастарға бағытталған деген тұжырым айтады. Алғаш келген жас өспірім бүкіл топтың ерекше назарында болады. Оған оны Құдайдың қалай сүйетіндігі, оның өзінің жоғары міндеті туралы, күнәға толы осы өмірде тек осы «жанұяда» адамдар бірін-бірі қадірлейтіндігі туралы айтып, сендіреді. Жас адамның ойлау қабілетін тоқтататын әдістерді қолдану арқылы оны «ерікті» түрде иландырады. Осылайша рухани ізденістегі адамға да, өмір тәлкегінен күйзеліске ұшыраған адамға да бұл ұйымдар қамқоршы болып көрінеді. Бірақ олардың берген жұбанышы уақытша және алдамшы, өйткені олар өмірдегі нақтылы нәрсені өзгерте алмайды. К. Маркстің діни жұбаныш әдісін апиынмен салыстырғаны сияқты, ол дерттен айықтырмайды, ол сол сәтінде ауруды ғана сездірмейді. Деструктивті сектадағы адам діни идеологиялық шырмауда қалады. Егер адам өзінің адамгершілік нормалары мен жалпы құндылықтар туралы нақтылы көзқарасы болмаса, онда ол адам еріксіз робот сияқты өз еркімен біреудің айтқанын орындай бастайды. Бұндай жағдай әрине тұлғаны психологиялық және рухани тоқырауға ұшыратады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Дворкин А. Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования. Нижний Новгород: Издательство «Христианская библиотека», 2006. С.813.
2. Дінтану: Энциклопедиялық сөздік. 2 том. Жалпы ред.бас. Н.Ж. Байтенова.- Алматы. Қазақ университеті, 2018, 439б.
3. Бурова Е.Е. Тренды новой религиозности в современном Казахстане (опыт социогуманитарного измерения). Монография. Алматы. Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014.200 с.

Миссионерлік қызмет: мәні және мазмұны

Миссия — латын тілінің «Missio» сөзінен және «міндет, орындалуы тиіс тапсырма» деген мағынаға келеді. Демек миссионерлер белгілі бір орындалуы тиіс тапсырмамен жіберілетін адамдар. Аты айтып тұрғандай адамдарды христиан қылуды міндетті деп білетін миссионерлік Исламдағы тек қана естіртуді мақсат тұтатын тәблиғ — уағыздан мүлде басқаша. Бүгінгі таңда христиандар миссионерліктің жағымсыз мағынасы мен тарихынан қашқақтап, миссионерлік сөзінің орнына евангелизация және басқа да терминдер қолдана бастады.

Евангелизация - грек тілінен аударғанда Ізгі хабар мағынасын білдіреді. Ізгі хабар халықтарды, жеке адамдарды христиандыққа бағыттайтын қызмет болып табылады. Христиандық ұғымға сәйкес «евангелизация», «миссионерлік» деген түсінікті де береді. Христиандық шіркеулер евангелизация ұғымының теориялық қалыптасуын Матфейдің Евангелиясынан алады «Халықтың бәрін Әке, Бала, Қасиетті Рухтың атынан шоқындырыңдар», «Оларға менің әмір еткен істерімді ғана жасатқызыңдар (Мф.28:19-20). Сонымен қатар Марктің Евангелиясы «Әлемді шарлап, Евангелиямды барлық жаратылғандарға таратыңдар» (Мк. 16: 15-16) деп жар салған мәтіндерге сүйенеді.

Конфессионалдық әдебиеттерде евангелизм сөзінің астарында Евангелияны уағыздау, қоғамда христиандық сенімді тарату деген мағынада беріледі. Ал зайырлы ғылым өкілдерінің көбісі «евангелизация» терминін халықтарды және жеке адамдарды христиандыққа кіргізу мақсатын ұстанған діни бірлестіктердің қызметтерін атап келеді. Сонымен бірге, секуляризацияға ұшыраған қоғам ішінде өздерінің қатарларын нығайтуға тырысқан жұмыстарды көрсету мағынасында қолданылады. Әртүрлі авторлардың берген анықтамалырының негізгі ортақ мағынасы - ол халықтардың арасында христиандық сенімді тарату.

Қазіргі таңда, дінтанушылар берілген түсініктеме бойынша евангелизация - тұлғалық тұрғыда христиандандыру мақсатында жүргізіп отырған саясат, ал миссионерлік қызмет - оны жаһандық ауқымда жүзеге

асырып отырған евангелизацияның құралы. Дін ілімін зерттеуші, доктор Дж. Мак-Артурдың анықтамасына сәйкес «миссионерлік дегеніміз әлемдік деңгейдегі евангелизм». Бірақта, көптеген әдебиеттерде евангелизация миссионерлік қызметтің маңызды мақсаттарының бір бөлігі ретінде көрініс табатындығын көре аламыз. Осындай көзқарасқа байланысты евангелизация дегеніміз нақты мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған және адамдарда діни сананы қалыптастыру немесе қайта жандандырумен байланысты. Бұл қызмет түрінде нақты анықталған және белгіленген нысандары, мақсаттары мен әсер ету принциптері көрсетілген. Бұл жерде «Мәсіхте құтқарылу туралы куәлікті» білдіреді. Яғни, адамдарды өздерінің сенімдеріне жеке құтқарылудың діни принциптерін адамның психикасына әсер ететін көптүрлі эмоциялық формалар (күнәлікті ұғынуға шақыру, өкінуге, шоқындыруға, Қасиетті Рухты қабылдауына) арқылы таратады.

Миссионерлікпен байланысты көріністерді анықтау мақсатында ғалымдар «прозелитизм» терминін «басқа сенімдегі адамдарды өзінің сенімдеріне табандылықпен жасалған талпыныстары арқылы кіргізу» деп түсіндіріледі. Прозелитизм көптеген діни ағымдарға тән болып келеді, бірақта прозелитизмнің ашық көрінісі жаңа протестанттық ағымдарда кең етек жайғанын байқауға болады. Осыған сәйкес прозелитизм түсінігі миссионерлік қызметтің маңызды бір элементін анықтайды.

Миссионерлік терминін анықтау барысында зайырлы ғалымдар арасында осы қызмет сенімсіздік және скептицизм сезімін тудырып отырған. Мысалы, 1985-ші жылы жарық көрген атеистік сөздікте «миссионерлікті» шіркеулік ұйымдардың басқа сенімдегі адамдарды өз мемлекеті және шет елдердегі адамдар арасындағы дінді тарату қызметі ретінде анықтаған. Сонымен бірге, миссионерлікті отарлау саясаты кезінде дамыған державалардың идеологиялық экспансияларының бір формасы деген анықтама да берген болатын. Кейінгі шыққан басылымдарда авторлар миссионерлер арасында көптеген гуманистер болғандығын атап отырып, қатты идеологиялық сыннан алыстайды. Миссиялардың еуропалық отарлау саясатыда және қазіргі уақыттағы маңызды орынды иеленетінің көрсетіп отыр. Қазіргі кездегі протестанттық миссиялар қызметін зерттеушісі Г. Андерсон осы құбылысқа қатысты зайырлы көзқарасын жақсы жеткізген. Оның анықтауы бойынша миссионерлік «көріну, тақуалық, саясат және отан сүйгіштік» сияқты қоспадан тұрады деген.

Конфессиялық әдебиеттерде миссионер сөзін евангелизациялау мақсатымен жұмыс жасайтын барлық діни бірлестіктердің ілімдерін таратушы адамдарды атаған. Миссионерлердің жұмысы евангелизация саясатын жүзеге асыратын, жаңа шіркеулерді құруға немесе өздерінің, басқа мәдениет, мемлекет аумағында жұмысын жүзеге асыруға бағытталған. Тағы бір ескертетін нәрсе, протестанттық және жаңа протестанттық ағымдардың миссионерлері шетелдік және отандық болып екіге бөлінеді: отандық миссионерлер дегеніміз тек қана өздерінің мемлекеттерінің аумағында діни қызметін жүзеге асырады.

Шетелдік миссияларды бір-бірінен тәуелсіз ұйымдар ретінде қарастыру үлкен қателік болып табылады. Өйткені шетелдік және отандық миссияларда жалпы құтқарылу және тағыда басқа христиандық принциптерге негізделген ортақ мақсаттары мен мазмұндары бар. Ұлттық және шетелдік миссиялар арасындағы айырмашылықтары тек қана көзделген уақытша мақсаттарына байланысты болып келеді.

Ілімдік тұрғыдан миссионерлік қызмет терминін қарастыратын болсақ келесі анықтамалар шығаруға болады: сенімді уағыздау (яғни діни көзқарастар жүйесін); «құдай патшалығын» тарату; басқа сенімдегі адамдарды өздерінің сенімдеріне кіргізу; жаңа шіркеулерді құру.

Миссионер сөзінің астында жіберуші адамды, жіберілген адамды және оған қойылған мақсаттармен түсіндіріледі. Басқа сөзбен айтқанда, осы әрекетті жүзеге асыру үшін жіберуші адамның авторитеті бар екенін көрсетеді. Көбінесе, адамдарды миссионерлік қызметті орындау үшін Құдай өзі жібереді деген ойлар жиі естіліп отыр. Осыған байланысты, мынандай жағдайға көңіл аудару керек: басқа сенімдегі адамдар арасында өздерінің сенімдерін таратуға рұқсат беру авторитетін шіркеу, миссионерлік ұйым немесе кез-келген христиан иерархы Құдайдың міндетін өздерінің мойындарына алады.

Миссионерлік қызметке қатысты анықтамалар соңғы уақыттарда ғана шыққан. ХҮІ ғасырға дейін mission сөзі Үштік туралы ілімге қатысты «Әке Құдай өзінің Ұлын жіберді, ал Әке Құдай мен Оның Ұлы Қасиетті Рухын жіберді» деген мағынада пайдаланылды. Христиан сенімінің алғашқы таратушыларының қызметі «apostolatus» немесе «propagatio fidei» деп аталған. Уақыт өте келе осы терминдердің орнына миссия термині келді. Шіркеу соңғы он бес ғасыр бойы «сенімді тарату», «Евангелияны жариялау», «шіркеулерді құру», «халықты сауаттандыру» және осы сияқты басқандай мағыналарды пайдаланып келді.

Миссия сөзінің жаңа мағынасы Батыстық империялық державалардың жаңа аумақтарды отарлау үрдісімен туындаған. Осы кезеңнің тарихи дамуында отарлау дәуірі және төтенше өкілеттіктерге ие болу туралы идеялармен тығыз байланысты. Алыс жақтағы отарларға шіркеу өкілдерін жіберу әрекеттері маңызды болғаны соңшалық, отарлаушы мемлекеттік билік тарапынан жіберілген миссионерлерінің әрекеттеріне, қызметтеріне араласуына және мақсаттарының анықтауына өзгеріске ұшырауына әсер етіп отырған. Олардың жұмыстары миссия деп аталып, ал өздері миссионерлер деп аталып кетті. Осындай мағынада ең бірінші иезуиттер орденінің негізін салушы Игнатий Лойола (1491-1556) қолданған. Кейін келе Игнатий Лойоланың ізбасарлары осы терминнің мағынасын христиандық сенімді барлық адамдардың ішінде тарату деп кеңейткен.

Миссионерліктің мақсаттары мен себептеріне байланысты әртүрлі ойлар мен пікірлер туындаған. Солардың ішінде ерекше атап өтілетіндер:

- Үндеу себептері;
- Эсхатологиялық себебі;

- Діндарлар қауымын біріктіру қажеттілігінен туындаған жаңа шіркеулерді құру себептері;
- Әлемде әділеттілікті орнатуға түрткі жасайтын филантропикалық себептер.

Миссионерлік қызметте эгоисттік себептерді де кездестіруге болады - билік пен өктемдікке ұмтылу, өздерінің «жоғарғы» мәдениетін тарату;

Романтикалық себеп – бейтаныс экзотикалық елдерде болу;

Шіркеулік прагматизм – басқа аумақта өздерінің сенімдері мен шіркеулік тәртіптерін тарату сияқты себептерді атап өтуге болады.

Протестанттық миссиологияның негізін салушы Густав Варнектің (1832-1910 жж.) сөздеріне сәйкес миссионерлік - «шіркеудің өмір заңы» деген. Барлық христиандық әлемде миссионерлікке қатысты ортақ бір түсінік пен қатынас қалыптасқан. Осыған сәйкес мынандай анықтама жасауға болады: «христиандық өзінің табиғаты негізінде миссионерлікті алып жүреді. Сондықтан, миссионерліксіз ол өзінің мағынасын жоғалтады», «Шіркеудің жоғарғы және ең бірінші мақсаты – әлемді евангелизациялау».

Миссионерлік белсенділіктің «табиғаттан тыс» және «табиғи» негіздемелері бар. Мәсіхтің «Ұлы тапсырмасы» Матай Евангелиясында (28:19) жазылған: «Әке Құдайдың және Ұлының және Қасиетті Рухтың атымен барлық халықтарға барып шоқынуды үйретіндер». Осылайша, миссионерліктің негізін қалыптастырушы себептердің ең бастысы діни негіз болып табылады. Миссионерлердің діни талпыныстарын саяси мақсаттарда пайдалану екінші сатыдағы көрініс ретінде қабылданады. Бұл ретте тарихи дәлелдерге сүйенетін болсақ, миссионерлік қызмет батыс империяларының саяси мақсаттары шеңберінде әрекет жасағандығын көреміз, яғни, миссиялардың жүзеге асырып отырған бағдарламалары отарлаушы империялардың саяси мақсаттарымен әрқашанда сәйкес келіп отыратын. Миссиялар қызметтері Ұлы географиялық ашылулар және Америка мен Африканы отарлау уақыттарында өзінің биік шыңына шықты. Англияның ХҮІІІ-ХІХ ғасырда жүзеге асырып отырған отарлау саясатында протестанттық миссиялар өз мемлекетінің ықпалы мен саясатын үлкен аумақта тарата отырып елеулі нәтижелерге иеленді. Осындай саяси құралды европалық державалардың барлығы пайдаланды деген тұжырым шығаруға болады. Миссионерлердің қызметінің нәтижесінде отарланған елдер өздерінің отарлаушы мемлекеттерге саяси, экономикалық, рухани тәуелділікке түсіп, ешқандай қарсылық көрсете алмады. Осындай керемет жетістіктер тек діни уағыздар арқылы жүзеге асырылған. Себебі, діни үгіт-насихаттың әсері тәуелділікте ұстаудың басқа формаларынан, яғни әскери немесе күштік басқарудан әлде қайда жемісті болып келеді.

Миссионерлердің көпшілігі өздерінің қызметі барысында белгілі бір мемлекеттің сыртқы саясат бағдарламалары бойынша саналы түрде жұмыс жасамайды және саяси үрдістерге қатысамыз деген мақсатты ұстанбайды. Олардың жұмыстары мен қызметтерінің басты мақсаты «адамдардың жанын құтқару» болып табылады. Осы мақсатты ұстана отырып өздерінің жұмыстарын бір жолға бағыттайды, алайда миссионерлер өздерінің жан-

жақты жүргізілген жұмыстарының арқасында күтпеген салдарға ұрынады. Макс Вебер атап өткендей миссионерлердің іс-әрекеттерінің жемістері олардың ниеттеріне қарама қарсы келеді. Саяси мәселелерді шешу барысында діни факторлардың орнын білетін биліктегі адамдар шусыз пайдаланып отырады.

Көптеген дамыған елдер саналы немесе санасыз түрде осы үрдіске өздерінің үлестерін қосып жатыр. Миссионерлік белсенділікті көбінесе экономикалық тұрғыдан жақсы дамыған және ұлы державалық амбициялары бар мемлекеттер қаржыландырып отырады. Айтып отырған жағдайды тарих беттерінен де, қазіргі уақытта да кездестіруге болады. Мысалға, 1979 жылғы мәліметтерге сәйкес американдық және канадалық 650 ұйым шетелдік 40 мың миссионерді қамтамасыз ету мақсатында 1 млрд-тан жоғары АҚШ долларын жұмсаған болатын.

Жоғарыда айтылғандай шетелдіктер Қазақстандағы миссионерлерді қамтамасыз ету және әртүрлі жобаларды жүзеге асыру үшін көптеген қаржыны жұмсайды. Осы мақсатқа жұмсалған қаражат бірнеше рет еселеніп өндіріліп алынады. Мәселен, жаңа протестанттық ағымдарда «десятина» деген заң жұмыс жасайды. Бұл заң негізінде шіркеу мүшелері өзінің бір айлық табысының оннан бір бөлігін шіркеудің қазынасына өткізуге міндеттелген. Бірақ оның мөлшері белгіленгеннен де асып кететін кездері болады. «Тек Құдайдың шапағатына бөленеміз» деген анқау адамдардың кейде өздерінің немесе өзінің балаларына, немерелеріне қажетті қаржыны (мысалы, оқуына төленетін, емделуіне жұмсалатын) шіркеуге апарып беретіндігін және кейбір кездері өздерінің қызметтерінен, тұрғын үйлерінен айырылып жатқандығын көруге болады. Сонымен бірге, діни ұйымның өз елдерінде таңымалдығын арттыра отырып адамдар арасында әр-түрлі жобалар бойынша қаржы жинау акцияларын ұйымдастырады. Осындай акциялардан жиналған қаржы арқасында миссияның қиналмай өмір сүруіне жол ашады. Батыс елдерінде көбінесе діндар адамдар нақты жобаларды көріп ақшалай жәрдем беруге дайын және осы жағдайды діни ұйымдар оңтайлы пайдаланады. Ал кейбір адамдар үшін ол – өзінің жеке бастарының қаржы жағынан қамтамасыз етудің бірден-бір жолы.

Қазақстанда рухани дәрежесі төмен пасторларды жиі кездестіруге болады. Олардың жұмыстарының негіздерінде руханилықтан басқаның барлық көріністері бар. Миссионерлік қызметті жүргізуге қаржысы жететін шіркеулердің көптеген ізбасарлары және бірнеше пасторлары болады. Ал алыс шетелдерге рухани жетілген жақсы қызметкерді жібермейді. Иерархиялық сатыда төменгі жақта орналасқан қызметкерлерді жіберетінін айтуға болады. Олардың жеке адамдық амбициялары мен материалдық қажеттіліктері толық қанағаттандырылмағандықтан, шетелден жақсы қаржылық көмек ала отырып, шіркеу қызметкерлерін және адепттерді алдап-арбау барысында қазақстандықтардың «рухани ұстаздары» үлкен көлемде қаржы жинап алады. Осындай шіркеу басшылары өздерінің отандарына оралу кездерінде қайтадан материалдық қиындықтарға тап болады. Сонымен қатар, миссионерлердің балалары Қазақстанда білім алғандықтан Кореядағы,

АҚШ-тағы немесе басқа шетелдік білім беру жүйесіне қайта бейімделуінде үлкен қиындықтар туғызады. Осы фактілерді қарастыра отырып Қазақстандағы миссионерлер біздің елімізде тұрақтап қалғылары келеді деген ой туындайды.

Осы миссионерлердің уағыздарына әртүрлі себептерге байланысты адамдар ілеседі. Олардың жалпы ортақ мақсаттары болғанымен, әрқайсысы өзінің жеке мүдделерін көздегенін байқауға болады. Осыған байланысты шетелдік миссионерлерді қазақстандықтардың тарапынан қолдауы тек рухани негізге байланысты емес. Мысалы, шіркеулерде қызмет жасайтын және миссионерлерден қаржылық көмек алатын адамның басқа қаржылық кірісі жоқ болып келеді. Ал көпшілігі үшін өзінің жалғыздығынан арылып басқа адамдармен қарым-қатынас жасаудың бір түрі болып табылады. Осындай мақсатты тұтқан адамдар - жастары келген жалғыз басты қариялар мен жастар. Жастарды көбінесе тегін шет тілін үйрену, құдайға құлшылық жасау барысындағы модерндік әуен, ұйым есебінен Корей немесе АҚШ елдеріне қыдырып бару және әскерлік міндеттен құтылу жолы қызықтырады.

Миссионерлікті зерттеуші ғалымдардың мәлімдемелеріне сәйкес шіркеудің жүзеге асырып отырған барлық қызметтерінде саяси астарлары бар дейді. Осы мәселеге қатысты Д. Норт миссионерлік қызметті сараптау барысында миссионерліктің тарихында мақсаттары мен міндеттері адам өмірінің қажеттіліктері мен талаптары сияқты кең және ауқымды болып келеді дейді.

Алғашқы миссионерлер қызметінің мемлекеттердің саяси жүйелеріне тигізетін орасан зор әсерлерін неміс құқықтанушысы Арнольд Эрдхард ерте христиандық сенімнің бүлікшіл мінезін көрсетіп, бірінші ғасырдағы христиандықтың миссионерлік қозғалыстары радикальды және революционерлік көрініске ие деп жазады. Бірақ, Эрхарт революцияны тек қана террормен байланыстыру қажет емес, ол альтернативаны ұсынумен байланысты екенін атап өтеді. Грек және Рим әлеміндегі жұмыстарында миссионерлер осындай альтернативаны ұсынды. Ол барлық құдайларды жоққа шығара отырып, билік құрған саяси теорияларды бұзды. Осыған қарап, біз алғашқы миссионерлер өздерінің іс-әрекеттері арқылы Рим империясының саяси құрылымын шайқалтқанын көре аламыз.

Император Константин кезеңінен бері «христиандық мемлекет» түсінігі, мемлекет және шіркеу арасындағы өзара тәуелділік пен өзара іс-әрекеттер қалыпты жағдай ретінде орнаған. Византияда император өзінде діни және саяси функцияларды біріктіретін. Мемлекеттің көздеген мақсаттары шіркеудің мақсаттарымен сәйкес келетін және керісінше шіркеудің мақсаттары мемлекеттің мүдделеріне қарсы келмейтін. Осындай жағдай миссионерлікке де өз әсерін тигізген. Мемлекет басшыларының миссионерлік жұмысқа тікелей араласу тәжірибесі ортағасыр дәуірі бойы және қазіргі уақытқа дейін жалғасын тауып келе жатыр. Мәселен, орыс князьдері мен патшаларының православияның миссионерлік жұмыстарында саяси астарларын байқауға болады. Осы миссионерлер өздеріне артылған міндеттерді орындаған соң, орыс князьдері солтүстік және солтүстік-шығыс

аймақтарға жаулаушылық соғысқа шығып отырған. Евангелизация мақсаттары «орыстандыру» мақсаттарымен сәйкес келетін. Осыған байланысты, батыстағы протестанттық шіркеулердің басшылары православ шіркеуінің миссионерлерлік саясатына теріс баға берген болатын. Бірақта, батыстық шіркеу өзінің шығыстық «ағайынынан» ешқандай айырмашылығы жоқ. Өйткені, миссионерлік кезеңді ашқан отарлау дәуірі кезіндегі батыс шіркеуінің миссионерлік саясаты еуропалық мемлекеттердің саяси мақсаттарының ажырамас бір бөлігіне айналды.

Басқа діндерден христиандықтың артықшылығы мен мінсіздігіне деген сенімдер миссионерлікті дәлелдеу элементерінің бірі болды. Густав Варнек осыған қоса тағыда үш басты элементті атап өтті: басқа халықтарға христиандықтың қолайлылығы және қолданылғыштығы; христиандық миссионерліктің «қызмет жасау аумағындағы» жетістіктері және басқа діндермен салыстырғанда христиан діні тарих парақтарында және қазіргі уақытта қуатты, мықты екендігін көрсетуінде. Барлығы топтаса отырып батыс шіркеулерінде өздерінің мәдени басымдығына деген сенімді тудырды. Роберт Спираның пікіріне сәйкес батыс миссионерлері тек қана «Мәсіхті» ғана емес, сонымен бірге «өркениетті» де алып келген.

Keң ауқымды еуропалық отарлау саясатының басталу уақытында батыстық христиандар өздерінің мәдениетінің басқа мәдениеттерден жоғары және әмбебап деген ойлар қалыптасқан. Батыс мәдениеті христиандық нағыз бұлжытпас мәдениеті ретінде қарастырылғандықтан, христиандық сеніммен бірге батыс мәдениеті де басқа сенімдегі адамдар арасында орнығуы тиіс деп түсіндірілді. 1932-ші жылы шетелдік миссиялардың жұмыстары жан-жақты зерттелген «Миссиялардың жұмысын қайта түсіну» атты еңбек жарық көрген. Осы жерде «барлық халықтардың бір әлемдік мәдениетке, яғни ол батыстық мәдениетке қосылу жолында келе жатыр. Сонымен бірге, осындай жағдайдың орын алуы басқа халықтардың тарапынан үлкен қолдаушылыққа ие болу керек. Ал миссионерлер осы батыстық мәдениеттің саналы түрде таратушылары болу керек» деп жазылған.

Батыстық миссионерлердің пікірі бойынша қазіргі миссионерлік ұйымдар Жаңа замандағы батыстың отарлау саясатымен және осы аумақты қадағалау жұмысымен тікелей байланысты. Билік үкіметтерінің көзқарастарына сәйкес миссионерлер жақсы одақтастар болып табылады. Өйткені, олар жергілікті халықтар арасында тұрып, тілін және әдет-ғұрыптарын жақсы біліп зерттейтін. Отарлаушы билік миссионерлерді жүрген жерлерінде өздерінің мәдениетін, саяси және экономикалық әсерлерін тарататын ең ыңғайлы күш ретінде қарастырып отыр. Осыған байланысты миссионерлердің өздеріне ұнаса да, ұнамаса да отарлаушы күштердің алдыңғы шептегі топқа айналды.

Әрбір мемлекет миссионерлерді өздерінің саяси жоспарларын жүзеге асыруда үкіметтің одақтастары ретінде қарастырды. 1958-ші жылы Оңтүстік Африка үкіметінің мүшесі Нел адамдардың миссионерлік қызметке немқұрайлы қарауының бірден бір себебі - «Миссионерлік жұмыстың саяси мәнін» түсінбеушілігінде деп мәлімдеді. Ол: «Егер біз қара нәсілділерді

протестанттық шіркеуге кіргізетін болсақ қана, ақ нәсілділерде ... болашаққа деген үміттері пайда болады» деп жазған. Егерде ол жүзеге аспайтын болса, «біздің саясат, біздің заңнамалық бағдарлама және біздің барлық жоспарлар сәтсіздікке ұшырайды. Сондықтан, жастар өздеріне миссионерлік жұмысты белсенді жүргізу міндетін мойындарына алуы керек. Өйткені, миссионерлік қызмет – тек қана Құдай ісі ғана емес, сонымен қатар ұлт игілігі үшін жұмыс; бұл – Құдайға қызмет жасаудың жақсы мүмкіндігі; сонымен бірге – өзінің отанына қызмет жасаудың керемет мүмкіндігі» [17, 88 б] деп жазды.

Діни фактор әрқашанда халықаралық саясатта державалардың өзінің жеке мүддесін жүзеге асыру үшін жиі пайдаланылып отырған. Мәселен 1998-ші жылы қараша айында АҚШ Конгресінде қабылданған «Халықаралық ар-ождан бостандығы» деп аталатын Жарғыға сәйкес, бүкіл жер бетіндегі мемлекеттердің өз азаматарының ар-ождан бостандығын бұзған мемлекеттерге қарсы АҚШ тарапынан дипломатиялық, экономикалық және т.б. шектеулерді пайдалануға мүмкіндік берді. 1998 жылы күзде ХХІ-ші ғасырға бағытталған АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігіне қатысты «Жаңа жүзжылдықтағы АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік стратегиясы» атты құжат жарияланған. Осы құжатқа сәйкес, АҚШ-тың стратегиялық жоспарларының бірі - әлемдегі өзінің көшбасшылығын мойындату болып табылады. Құжатта «Біз халықаралық қатынастарда белгілі бір мемлекеттердің іс-әрекетіне әсер ету мақсатында ұлттық қуатымыздың барлық құралдарын қолдануға дайын болуымыз керек... Біздің ұлттық мүддемізді қорғау мақсатындағы әлемде болып жатқан істерге араласуымыз халқымыздың және конгрестің қаржылық, әскери, саяси және барлық күшімізді аямауымыз керек» деп жазылған. Әрине осы құжатта дін мәселесіде өзінің орнын тапты. Дәлірек айтатын болсақ «Біз мемлекеттерде, мысалы Қытай мен Ресейде немесе басқа елдерде діни сенім бойынша құдалаушылыққа жол бермеуіміз керек» деп атап өтілген.

Сонымен бірге, АҚШ-тың стратегиялық барлау қызметіне «АҚШ-тың ұлттық мүддесі бар мемлекеттердің халықтары, діндері, білімдері, ұлттық дәстүрлері мен халықтардың моральдық рухтары» жайлы мәліметтер жинау міндеттелген.

Осылайша, дін белгілі бір өркениеттің бет бейнесін анықтаушы, құрушы элементі. Соңғы уақытқа дейін саясат концепцияларында нақты бір аймақта мекендейтін діни сенімдерді, діни көзқарастарды қалыптастыратын рухани жағдайды, адамдардың діни саналарын есепке алмай келген. Біздің ойымызша бұл факторлар қоршаған әлеммен қарым-қатынасын, экономикалық дамуын, экспансияға ұшырау дәрежесін анықтайды. Миссионерлердің мәліметтерді тарату жолдарының жаңа тәсілдерін пайдалану арқасында өзінің әсер ету аймағында көптеген адамдарды кіргізіп, саясаттын маңызды бір элементіне айналады.

Тарих беттерінде мемлекеттерді жаулап алу және оны басқару формалары уақыт талаптарына сай өзгерістерге ұшырап отырған байқауға болады. Қазіргі даму сатысында ақпараттық және коммуникациялық «өркениетті басқару» формалары екінші орынға әскери және тікелей саяси

басқару формаларын ығыстырды. Осылайша, миссионерлік қызметтің жемісінен туындаған діни сенім және жаңадан орнатылған құндылықтар - шекаралары тікелей шектеспеген елдің өміріне саяси немесе әскери күшсіз әсер етуге, араласуға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. В. Гараджа. «Протестантизм». Издательство: Политиздат; - 1971; - 201 с
2. Д. Е. Фурман. «Религия и социальные конфликты в США». Изд.: Наука; - 1981;
3. Дж. Мак-Артур <http://www.slovo.org/author/John-MacArthur>
4. Бахныкин, Ю.А.; Беленький, М.С.; Белов, А.В. и др. «Карманный словарь атеиста». Изд.: М.: Политиздат; 1985 г, Издание 5-е, 271 страниц;
5. Петр Пеннер, Христианская миссия: история и современность, 1998, - с 221
6. Н.А. Трофимчук. М.П. Свищева. «Экспансия». Москва 2000;
7. Джеймс Норт «История Церкви»; М.: Протестант, 1993. 413 с.